

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

БАКАЛАВРИАТ

Оқушылардың физиологиялық дамуы

Педагогика

Психология

Білім берудегі менеджмент

Инклюзивті білім беру

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

«Білім» тобындағы мамандықтар үшін

Алматы, 2016

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

БАКАЛАВРИАТ

Оқушылардың физиологиялық дамуы

Педагогика

Психология

Білім берудегі менеджмент

Инклюзивті білім беру

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

«Білім» тобындағы мамандықтар үшін

МАЗМҰНЫ

1. Оқушылардың физиологиялық дамуы	4
2. Педагогика	16
3. Психология	44
4. Білім берудегі менеджмент	52
5. Инклюзивті білім беру	72
6. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	86

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

OFD 1201 Оқушылардың физиологиялық дамуы

«Білім» тобындағы мамандықтар үшін

2 кредит

Алматы, 2016

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Дүйсембин Қ.Д. – биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Адам және жануарлар физиологиясы институты

Шалабаев Қ.И. – биология ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Оқушылардың физиологиялық дамуы» пәнінен типтік оқу бағдарламасы педагогикалық мамандықтарға арналып дайындалған және болашақ мұғалімдер мен тәрбиешілерді кәсіби тұрғыдан дайындауға бағытталған. Бағдарлама онтогенездің әр түрлі кезеңдерінде организм тіршілігінің, өсу және даму барысында ағзалардың және ағзалар жүйелерінің қызмет етуінің ерекшеліктерінің заманауи мәселелерін қамтиды.

«Оқушылардың физиологиялық дамуы» пәнінің **мақсаты** - мектеп жасындағы балалардың анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері, әртүрлі жастағы өсу және даму заңдылықтары, өскелең организмнің қоршаған ортамен қарым-қатынасы, мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайту, олардың оқып-білім алу барысында жұмысқа қабілеттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету жолдарының, баланың жасына лайық білім беріп, ақыл ойын дамыту, дені сау, сымбатты етіп өсірудің ғылыми негіздері туралы педагогикалық мамандықтар бойынша оқып жатқан студенттерге білім беру. Бұл мәліметтер ғылыми негізде әр түрлі жастағы балалармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруға, олардың денсаулығын қорғау, дене тәрбиесі мен еңбек етуге үйретуде аса қажет.

Қазіргі кезеңде оқушы баланың даму физиологиясы заман талабына лайық, бәсекелестікке қабілетті педагогикалық мамандар дайындауда ролі мен маңызы едәуір өсіп отыр. Бұл мектеп оқушыларының білімінің сапасы мен көлеміне қойылатын талаптың жоғарылауымен, оқу үрдісінде компьютерлік техниканың, интернеттің және басқа техникалық оқыту құралдарының кеңінен қолданылуымен, инновациялық технологиялардың білім беру ісінде жаппай ендірілуімен және қазіргі уақытта балалардың қимыл белсенділігінің төмендеуімен байланысты. Осылардың бәрі оқушылардың денсаулығы мен организмнің функционалдық мүмкіншіліктеріне теріс әсер етуде.

Қалыптасып отырған жағдайда тәрбие беру мен оқыту жұмыстарының педагогикалық тиімділігі балалар мен жасөспірімдердің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері мен организмнің әр түрлі жас кезеңдерінде қызмет ету мүмкіншіліктерін ескерумен тікелей байланысты.

«Оқушылардың физиологиялық дамуы» пәнін оқып меңгеру нәтежесінде студенттерде қалыптасатын **күзiреттiлiктер**:

- өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын игерген;
- мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерді оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын ағзаның әр түрлі жас кезеңдеріне сай физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастыруға қабілетті;

- дене тәрбиесі мен шынықтыру әдістерін пайдалану арқылы балалар мен жасөспірімдер ағзасының қоршаған ортада бейімделу мүмкіншілігін арттырып, денсаулығын қорғау мен жақсартуға үлес қосады және толыққанды әлеуметтік кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін өзінің дене мәдениетін жетілдіруге дайын;
- оқушыларда саламатты өмір сүру салтын қалыптастыруға және тазалық сақтау мен денсаулықты нығайту талаптарына сай сыртқы ортаның жағымсыз ықпалдарынан қорғану ережелерін ұстануға қабілетті.

Студенттер білуі керек:

- мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтары;
- жүйке жүйесі дамуының физиологиясы, жоғары жүйке әрекеті және баланың даму барысындағы қалыптасуы;
- сенсорлық жүйелердің дамуының физиологиялық ерекшеліктері;
- эндокриндік жүйенің дамуы, балалар мен жасөспірімдердің жыныстық жетілуі мен тәрбиелеудің ерекшеліктері;
- тірек-қимыл жүйесінің дамуы;
- ас қорыту ағзаларының даму ерекшеліктері;
- зат пен энергия алмасуының физиологиялық ерекшеліктері;
- қанның, жүрек-қан тамырлары мен тыныс алу жүйелерінің дамуы;
- сыртқа шығару жүйесі мен терінің жастық ерекшеліктері;
- оқушылардың денсаулығын қорғау, саламатты өмір сүру салтының қағидаларын ұстануға баулу негіздері.

Пән пререквизиттері – жалпы биология, эмбриология, адам анатомиясы мен физиологиясы, химия, физика, цитология және гистология, генетика негіздері.

Пән постреквизиттері – педагогика, психология, адам мен жануарлар физиологиясы, экология, социология.

«Оқушылардың физиологиялық дамуы» пәнінің ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

Тақырып 1. Кіріспе. Онтогенез заңдылықтары.

Тақырып 2. Тірек-қимыл жүйесінің дамуы.

Тақырып 3. Жүйке жүйесінің дамуы.

Тақырып 4. Жоғары жүйке әрекеті және оның баланың өсіп-дамуы барысында қалыптасуы.

Тақырып 5. Сенсорлық жүйелердің дамуы.

Тақырып 6. Эндокриндік жүйенің дамуы.

Тақырып 7. Қанның жастық ерекшеліктері және жүрек-қан тамырлары жүйесінің дамуы.

Тақырып 8. Тыныс алу жүйесінің дамуы.

Тақырып 9. Ас қорыту жүйесінің жасқа сай анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері.

Тақырып 10. Зат пен энергия алмасуының жастық ерекшеліктері.

Тақырып 11. Сыртқа шығару жүйесі мен терінің жастық ерекшеліктері.

Тақырып 12. Балалардың дамуының әлеуметтік факторлары. Мектепке бейімделу.

ПӘН МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

Оқушылардың физиологиялық дамуы педагогикалық ғылымдар жүйесінің құрамдас бөлімі ретінде. «Оқушылардың физиологиялық дамуы» пәнін оқытудың мақсаты және міндеттері. Зерттеу нысаны мен әдістері. Оқушылардың физиологиялық дамуының педагогика және психология ғылымдарымен байланысы, оның оқу-тәрбие жұмысы мен еңбек тәрбиесін дұрыс ұйымдастырудағы, оқушылар денсаулығын сақтап нығайту, денелік дамуын жетілдіру мен жұмысқа қабілеттілігін арттыру үшін маңызы.

Оқушылардың физиологиялық дамуының ғылым ретінде қалыптасуының негізгі кезеңдері. Оқушылардың физиологиялық дамуының Қазақстанда дамуы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1. ОНТОГЕНЕЗ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Организмнің біртұтастығы. Организм және қоршаған орта. Организм қызметтерінің нейрогуморальдық реттелуі. Организмнің өсуі мен дамуы. Өмір сүру жағдайларының мектеп жасындағы балалардың өсуі мен дамуына тигізетін әсері. Дамудың үздіксіздігі, әркелкілігі, ең маңызды жүйелердің дамуының озық жүруі және гетерохрония. Онтогенездің кезеңдерге бөлінуі, онтогенездің қатерлі кезеңдері. Денелік даму - денсаулық жағдайының және

элеуметтік бақуаттылықтың маңызды көрсеткіші. Оқушылардың денелік дамуының жағдайы мен оны анықтайтын әдістер. Акселерация, ретардация, реактивтілік пен резистенттік туралы ұғымдар.

2. ТІРЕК-ҚИМЫЛ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

Адам қаңқасы. Буындардың құрылысы мен қызметтері. Омыртқа жотасының иілімі, олардың қалыптасуы мен маңызы. Қаңқа сүйектерінің қалыптасуы.

Ет жүйесі. Бұлшық еттің құрылысы мен қызметі. Ет салмағы мен ет күшінің жас ерекшеліктері. Қозғалыс дағдыларының дамуы, жасқа сай қозғалысты үйлестіруді жетілдіру.

Дене еңбегінің шамасына әр түрлі жастағы организм реакциясының ерекшеліктері. Оқушылардың қозғалыс режимі. Гиподинамияның зияны.

Дене бітімі, оның дұрыс қалыптасуының маңызы. Кеуде қуысы қаңқасының деформациясы. Жалпақтабандылық. Тұру, отыру және жүру кезінде денені дұрыс ұстау. Мектеп оқушыларында дұрыс дене бітімін сақтауды және қалыптастыруды тәрбиелеу. Дене бітімін дұрыс қалыптастыру мен табан тірегін нығайтуда дене жаттығуларының маңызы. Тірек-қимыл жүйесінің бұзылыстарының алдын алу.

3. ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

Жүйке жүйесінің құрылысы. Жүйке жүйесінің ақпаратты қабылдау, өңдеу, өткізу және психикалық қызметтерін атқару үшін организмнің реакцияларын ұйымдастырудағы ролі. Жүйке ұлпасы. Нейронның құрылысы мен қасиеттері. Жүйке талшығының қасиеттері. Жүйке талшықтарының миелинденуіне байланысты жас ерекшеліктері. Синапстар, орталық жүйке жүйесіндегі (ОЖЖ) қозуды өткізу механизмі. Жүйке орталықтары және олардың қасиеттері.

Рефлекс - жүйке әрекетінің негізі. Рефлекторлық доға. Рецепторлар. ОЖЖ-де қозу мен тежелу және олардың өзара әрекеттесуі. Иррадиация, индукция және доминанта. Балаларда иррадиация мен индукцияның өту ерекшеліктері, оларды оқу және тәрбие үрдісінде ескеру.

Орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен функционалдық маңызы. Автономиялық жүйке жүйесі.

4. ЖОҒАРЫ ЖҮЙКЕ ӘРЕКЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАНЫҢ ӨСПІРІМ-ДАМУЫ БАРЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСУЫ

Ми қыртысының құрылымдық және функционалдық ұйымдасуы. И.М.Сеченов және И.П.Павлов - жоғары жүйке әрекеті туралы ілімнің негізін қалаушылар.

Шартты рефлекс туралы ілім. Шартты және шартсыз рефлекстердің ерекшеліктері. Шартты рефлекстердің пайда болуының механизмі. Шартты

рефлекторлық әрекеттің жас ерекшеліктері. Жоғары дәрежелі шартты рефлексдер.

Шартты рефлексдердің тежелуі. Шартсыз тежелу және олардың жас ерекшеліктері. Тежелудің қорғаныстық сипаты. Шартты тежелу. Шартты тежелудің түрлері және балалардағы ерекшеліктері. Шартты тежелудің дамуы - тәрбиенің физиологиялық негізі.

Бірінші және екінші сигналдар жүйесі, олардың өзара әрекеттесуінің жас ерекшеліктері. Баланың даму барысында сөздің сенсорлық және моторлық механизмінің тұрақтануы. Стереотиптердің сөйлеудің дамуы үшін маңызы.

Жоғары жүйке әрекетінің типтері, олардың пластикалығы. Балалардың жоғары жүйке әрекетінің типологиялық ерекшеліктері.

Әртүрлі жүйке орталықтарының әрекеттесуі нәтижесі ретінде мидың интеграциялаушы қызметі. Функциональдық жүйе туралы түсінік. Организмнің іс-әрекеттік реакцияларын жүзеге асыруды кері афферентацияның маңызы. Жеке даму барысында ОЖЖ қызметін жүйелі ұйымдастырудың негізгі заңдылықтары. ОЖЖ үйлестіру үрдістері - психикалық қызметтердің негізі. А.А.Ухтомскийдің доминанта туралы ілімі және оның адамның танымдық әрекетін басқарудағы маңызы. Динамикалық стереотип - әдет және дағды, күн кестесінің физиологиялық негізі.

Оқыту мен еске сақтаудың физиологиялық негіздері. Еске сақтаудың компоненттері. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді еске сақтау, онтогенездің әртүрлі кезеңдеріндегі ерекшеліктері.

Мотивация, эмоция және іс-әрекеттік реакциялары. Бұлардың жүзеге асуындағы мидың әртүрлі бөлімдерінің ролі. Эмоцияның тәрбиелеу мен оқытудағы ролі. Ұйқы мен сергектіктің нейрофизиологиялық негіздері. Ұйқы гигиенасы.

5. СЕНСОРЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ДАМУЫ

Сыртқы ақпаратты қабылдауды ұйымдастырудың жүйесі. Организмнің сенсорлық жүйелері, олардың топтамасы. Сенсорлық жүйелердің құрылымы мен функциональдық жетілуі. Сенсорлық стимулдардың қарапайым белгілерін қабылдау және өмір сүрудің алғашқы жылдарындағы сыртқы стимулдарды қабылдаудың күрделенуі.

Көру талдағышы. Көздің құрылысы мен оптикалық қасиеті. Аккомодация және оның жасқа байланысты өзгерісі. Көру өткірлігі. Алыстан көру және жақыннан көргіштік. Кеңістікті көрудің жас ерекшеліктері. Әр түрлі жаста жарықты және түсті сезгіштік. Балалар мен жасөспірімдердің көру қабілетінің бұзылыстарының алдын алу. Көру өткірлігін анықтау.

Есту талдағышы. Құлақтың құрылысы мен акустикалық қасиеттері. Есту талдағышының жас ерекшеліктері. Балалардағы естудің бұзылыстарының алдын алу.

Қозғалыс, иіс, дәм, вестибулярлы және тері сенсорлық жүйелердің маңызы мен жалпы құрылыс жоспары және оқушылардағы функциялық ерекшеліктері.

6. ЭНДОКРИНДІК ЖҮЙЕНІҢ ДАМУЫ

Организм тіршілігін гуморальдық реттеу. Ішкі секреция бездері. Гормондар. Гормондардың қасиеттері. Гипоталамус-гипофизарлық жүйе, оның ішкі секреция бездерінің қызметін реттеудегі маңызы. Шеткі эндокриндік бездердің құрылысы мен қызметі. Стресстік әсерлерге организмнің бейімделуі. Мектеп жасында ішкі секреция бездері қызметінің бұзылыстары. Балалар мен жасөспірімдер арасында тараған йодтапшылығы және қант диабеті, олардың алдын алу.

Жыныс бездері мен олардың организмнің дамуы, өсуі және жыныстық жетілуі үрдістеріндегі маңызы. Жыныстық жетілуінің кезеңдері. Екінші реттік жыныстық белгілердің дамуы. Жыныстық жетілу: физиологиялық және әлеуметтік. Жыныстық тәрбиелеу - жастарды отбасылық өмірге дайындаудың маңызды бөлімі. Медициналық-гигиеналық және жыныстық тәрбиелеудің қағидалары, түрлері, амалдары мен әдістері. Аборт жасаудың зияны. Жыныстық тәрбиелеуді педагогтар, ата-аналар мен медициналық қызметкерлердің бірлесіп жүргізуі.

7. ҚАННЫҢ ЖАСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫРЛАРЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

Организмнің ішкі ортасы. Қанның құрамы мен қызметтері. Қанның ұюы. Қан топтары. Қан аздылық және оның мектеп жасындағы балалардың арасында таралуының алдын алу.

Қан айналу жүйесі. Жүректің құрылысы мен жұмысының жас ерекшеліктері. Жүректегі электрлік құбылыстар. Қанның тамырлармен қозғалысы. Қан қысымы және оның жас ерекшеліктері. Жүрек пен қан тамырларына жағымсыз әсер ететін факторлар. Жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу.

8. ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

Тыныс алу үрдісі мен механизмі. Тыныс алу ағзаларының құрылысы мен қызметінің жас ерекшеліктері. Тыныс алудың реттелуі мен оның жас ерекшеліктері. Өкпенің тіршілік сиымдылығы. Тыныс алу ағзаларының қызметтерінің бұзылуы, себептері және алдын алу.

9. АС ҚОРЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАСҚА САЙ АНАТОМИЯЛЫҚ-ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ас қорыту мүшелерінің құрылысы мен қызметі. Ауыз қуысындағы ас қорыту. Сілекей бездері. Ас қорытудағы ферменттердің қызметі. Тістер. Тістің алмасуы. Ауыз қуысы мен тіс ауруларының алдын алу.

Қарындағы ас қорыту. Ас қорыту бездері. Астың қорытылуындағы бауыр мен ұйқы безінің маңызы. Ішектің сіңіру және моторлық қызметтері. Қорғаныс ас қорыту рефлекстері. Бала жасындағы асқорыту ағзаларының аурулары мен ішек құрттарымен күресу және алдын алу.

10. ЗАТ ПЕН ЭНЕРГИЯ АЛМАСУЫНЫҢ ЖАСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Заттар пен энергияның алмасуы - организм тіршілігінің негізі. Негізгі алмасу туралы түсінік. Анаболизм мен катаболизм. Заттардың алмасуындағы ферменттердің рөлі.

Балалар мен жасөспірімдердегі ақуыздың, май және көмірсулардың алмасуының ерекшеліктері. Баланың өсуі мен дамуындағы судың, минеральдық тұздардың, микроэлементтердің және витаминдердің маңызы.

Тағамдық азық-түлік, олардың құрамы және энергиялық құндылығы. Үйлесімді тамақтанудың өсу мен дамудағы, денсаулықты нығайтудағы маңызы. Дұрыс тамақтанбаумен байланысты аурулар - анемия, семіздік және гиповитаминоз, олардың алдын алу. Тағамдық уланулардың себептері, олардың алдын алу.

11. СЫРТҚА ШЫҒАРУ ЖҮЙЕСІ МЕН ТЕРІНІҢ ЖАСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сыртқа шығару үрдістерінің маңызы. Сыртқа шығару ағзалары. Бүйректің құрылысы мен қызметінің жас ерекшеліктері. Зәр шығару жүйесі ауруларының алдын алу. Кіші мектеп жасындағы балаларда түнгі зәр ұстай алмау дерті, оның себептері. Терінің құрылысы мен қызметтерінің жас ерекшеліктері. Терінің қызметі. Терінің туындылары.

12. БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАРЫ. МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУ

Баланың әлеуметтік дамуы. Балалардың дамуындағы әлеуметтік факторлардың ролі. Баланың мектепте оқуға дайындығын анықтаушы факторлар. Мектепке бейімделу және оның кезеңдері. Баланың мектепке бейімделуінің негізгі көрсеткіштері. Мектепке бейімделуге әсер етуші факторлар.

СЕМИНАРЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. Балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуына өмір сүру жағдайларының әсері.
2. Оқушылардың қимыл белсенділігі және гиподинамияның зияны.
3. Балалардың орталық жүйке жүйесіндегі қозу мен тежелу үрдістері және олардың бір бірімен әрекеттесуі.
4. Орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің функционалдық маңызы.
5. Балалардың жоғары жүйке қызметінің типологиялық ерекшеліктері.
6. Оқушыларда көру және есту қызметтерінің бұзылуларының алдын алу.

7. Мектеп жасында ішкі секреция бездері қызметінің бұзылыстары және алдын алу.
8. Жыныстық тәрбиелеудің маңызы.
9. Мектеп жасында жүрек-қантамыр жүйесінің бұзылыстары, алдын алу.
10. Тыныс алу ағзаларының қызметтерінің бұзылуы, себептері және алдын алу.
11. Асқорыту ағзаларының ауруларымен күресу және алдын алу.
12. Мектеп жасындағы балалардың тамақтануын ұйымдастыру. Балалар мен жасөспірімдерде семіздік пен қант диабетінің алдын алу.
13. Оқушылардың тері жамылғылары құрылысының жас ерекшеліктері. Терінің қызметі. Терінің туындылары.
14. Бейімделу механизмдерінің жас ерекшеліктері.
15. Оқушылар арасындағы жаман әдеттердің алдын алу мен күресу.

**ОҚЫТУШЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН
СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНЫҢ (ОСӨЖ)
ТАҚЫРЫПТАРЫ:**

1. Өмір сүру жағдайларының оқушылардың өсуі мен дамуына тигізетін әсері. Физикалық даму – баланың денсаулық жағдайы мен әлеуметтік аманшылығының маңызды көрсеткіші.
2. Оқушылардың дене сымбатын дұрыс қалыптастыруды тәрбиелеу.
3. Автономиялық жүйке жүйесінің бөлімдері мен қызметі.
4. Жоғары жүйке әрекетінің типтері әртүрлі оқушылармен жұмыс істеу. Оқу-тәрбие жұмысындағы эмоцияның рөлі.
5. Баяу және жылдам ұйқы, оның маңызы. Ұйқы мен сергу кезеңінің гигиенасы.
6. Бас мидың ассиметриясы және «солақайлық» мәселесі.
7. Ұл балалар мен қыздарға жыныстық тәрбие беру.
8. Қан және қан айналымының жастық ерекшеліктері.
9. Әртүрлі жас кезеңдеріндегі топтардың тамақтану мөлшері.
10. Ас қорыту бездері қызметін нейрогуморальды реттелудің жас ерекшеліктері.
11. Қанның иммундық қасиеттері. Иммунитеттің маңызы.
12. Тұздар мен су алмасуының жас ерекшеліктері.
13. Балаларды оқыту мен олардың назар аудару және еске сақтау үрдістерінің физиологиялық механизмдері.
14. Оқушылардың арасында жұқпалы аурулардың алдын алу.
15. Оқушылардың арасындағы гиподинамияның алдын алу шараларында педагогикалық қызметкерлерінің рөлі.

СТУДЕНТТИҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ (СӨЖ)

ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. Акселерация мен ретардация, организмнің реактивтілігі мен резистенттілігі.
2. Тірек-қимыл аппаратының бұзылуларының алдын алу.
3. Орталық жүйке жүйесінің әр түрлі бөлімдерінің құрылысы мен қызметі.
4. Ми қызметінің жетілуі мен когнитивтік қызметінің жүйелі қалыптасуы.
5. Бастауыш сыныптағы оқушылардың сөйлеу және ойлау қабілеттерінің дамуы.
6. Невроздар. Олардың пайда болу себептері және алдын алу.
7. Жасөспірімдердің танымдық әрекетінің және мінез-құлқының нейрофизиологиялық механизмдері.
8. Тері, қимыл, иіс пен дәм сезу және вестибулярлық сенсорлық жүйелердің қызметтерінің оқушылардағы ерекшеліктері.
9. Жасөспірімдік кезеңде ерте жыныстық қатынас жасаудың алдын алу. Витаминдер және олардың физиологиялық маңызы. Авитаминоздар. Гипо- және гипervитаминоздар.
10. Гомеостаз. Биологиялық константалар туралы түсінік.
11. Тыныс алу ағзаларының жас ерекшеліктері.
12. Тағамдық уланулар мен олардың алдын алу.
13. Оқушыларда зәр шығару-жыныс ағзалар ауруларының алдын алу.
14. Шынықтырудың физиологиясы мен гигиенасы.
15. Бейімделу, шынығу және білім алу.

ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі:

1. Дүйсембин Қ.Д., Алиякбарова З.М. Жасқа сай физиология және мектеп гигиенасы. (оқулық). Алматы, «Дәуір» - 2003.- 400 б.
2. Неменко Б.А. Оспанова Г.К Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы (Оқулық).- Алматы, 2002. – 348 с.
3. Безруких М.М., Сонькин В.Д., Фарбер Д.А. Возрастная физиология. М., Издательский центр «Академия». – 2007. – 416 с.
4. Химич Г.З., Суркова О.А. Возрастная физиология и валеология. Павлодар. - 2006. – 372 с.
5. Айзман Р.И., Ширшова В.М. Избранные лекции по возрастной физиологии и школьной гигиене. Новосибирск, Сибирское университетское издательство. - 2002. – 134 с.
6. Сапин М.Р., Брыксина З.Г. Анатомия, физиология детей и подростков. - М.: Академия, 2007.- 432 с.
7. Балгимбеков Ш.А., Ташенова Г.К., Нуркенов Т.Т. Курс лекций по возрастной физиологии и школьной гигиене. – Алматы. – 2012. – 104 с.

Қосымша:

1. Рымжанов К.С., Төленбек И.М. Адам мен жануарлар физиологиясы. Алматы. РБК. - 2000.- 419 б.
2. Куандыкова Р.К. Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы. Оқу құралы. Түркістан, 2003
3. Дүйсембин Қ.Д. Орталық жүйке жүйесі және жоғары жүйке әрекетінің физиологиясы. Алматы, 2001.- 217 б.
4. Алиакбарова З.М. Мектеп гигиенасының негіздері. Екінші басылым. Алматы, 2004.
5. Балгимбеков Ш.А., Ташенова Г.К., Нуркенов Т.Т. Курс лекций по возрастной физиологии и школьной гигиене. Алматы, 2012. – 104 с.
6. Безруких М.М., Сонькин В.Д., Фарбер Д.А. Хрестоматия по возрастной физиологии. М. «Академия», 2002. - 288 с.
7. Обреимова Н.И., Петрухин А.С. Основы анатомии, физиологии и гигиены детей и подростков. - М.: Академия, 2000.- 376 с.

Авторлар:

Балғынбеков Ш. А. – медицина ғылымдарының докторы, профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

Ташенова Г. Қ. – доцент міндетін атқарушы, биология ғылымдарының кандидаты Абай атындағы ҚазҰПУ

Нуркенов Т. Т. – аға оқытушы, биология магистрі Абай атындағы ҚазҰПУ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

Ped 2202 Педагогика

«Білім» тобындағы мамандықтар үшін

3 кредит

Алматы, 2016

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Ұзақбаева С.А. - п.ғ.д., профессор, Абылайхан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ
Манкеш А.Е. - п.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Педагогика» базалық пәнінің типтік бағдарламасы 5B010000 «Білім» тобындағы бакалавриат мамандықтарына арналған.

Пәнді оқытудың мақсаты – орта білім беру жүйесінде педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру бойынша болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығы мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Пәнді оқытудың міндеттері:

1. Студенттерді болашақ мұғалімді даярлаудың негізі ретіндегі мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің мәні мен өзгешелігі және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет теориясы туралы білімдермен қамтамасыз ету.

2. Болашақ мұғалімдерде өзіндік кәсіби іс-әрекет пен қазіргі заман мұғалімі бейнесін жүйелі байқау біліктілігін қалыптастыру.

3. Үздіксіз кәсіби білім алуға ұстанымын қалыптастыру,

4. Болашақ мұғалімдерде дүниетанымдық ұстанымын дамыту және теориялық білімдерін практикалық біліктіліктерге алмастыру қабілеттері ретінде түйінді құзыреттіліктер жиынтығын (зерттеушілік, дидактикалық, тәрбиелік, коммуникативтік, ақпараттық және т.б.) қалыптастыру.

5. Студенттерде өздігінен білім алу, инновациялық және шығармашылық ғылыми-зерттеу іс-әрекеттеріне дайындығын дамыту.

6. Болашақ мұғалімнің кәсіби-маңызды тұлғалық қасиеттерін (ізгілік, педагогикалық ойлау, коммуникативтік дағды, педагогикалық әдеп, толеранттылық және т.б.) дамыту.

Осы типтік оқу бағдарламасында жаңа ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына (2007ж.), 2015 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға, Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытуға арналған 2016-2019 жж. Мемлекеттік бағдарламасына, Болон декларациясына және білім беру саласындағы басқа да халықаралық құжаттарға сәйкес қолданылады.

Оқу курсының негізіне білім берудің қазіргі парадигмасына сәйкес жүйелілік, тұлғалық-бағдарлық, тұлғалық-іс-әрекеттік, құзыреттілік, сонымен бірге әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретінде тәрбиеге тарихи-педагогикалық, тарихи-жүйелілік және аксиологиялық тұрғыдағы жетекші идеялар алынады.

Типтік оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұны бірегей жүйе ретінде тұтас педагогикалық үдерістің логикасы мен өзара байланысты компоненттеріне сәйкес құрастырылған.

Оқу пәні мазмұнының құрылымында төмендегі ірі дидактикалық бірліктер (бөлімдер) бөліп көрсетіледі: педагогикалық мамандыққа кіріспе; педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері; тұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасы.

Бағдарламалық материалдардың ерекшеліктері тақырыптарда жаңа тұрғылар мен анықтамалар, педагогикалық теория мен практиканың әлемдік дамуының жаңа тенденцияларының ашып көрсетілуі, нәтижесінде белсенді

дүниетанымдық ұстанымы бар болашақ мұғалімнің құзыретті, мобильді және креативті тұлғасына бағытталуы болып табылады. Пән мазмұнының құзыретті-тұлғалық сипаты дәрістік және семинар сабақтарының тақырыптарынан ғана емес, СӨЖ мен СОӨЖ тапсырмаларында интербелсенді оқыту әдістерін, мультимедиялық құралдарды, интернет-ресурстарды және т.б. қолданудан; білім беру мекемелерінде типтік кәсіби міндеттерді шешу үшін жағдай жасаудан көрінеді.

Пәннің тақырыптық жоспары

№	Тақырыптары
I бөлім. Педагогикалық мамандыққа кіріспе	
1	Қазіргі жағдайдағы білім берудің басымдылық рөлі
2	Педагогикалық кәсіп пен іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы
3	Педагогтың тұлғасы және оның кәсіби құзыреттілігі
4	Педагогтың үздіксіз кәсіби өсуінің факторлары
II бөлім. Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері	
1	Педагогика адам туралы ғылым жүйесінде
2	Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздері мен әдістері
3	Жеке тұлға тәрбиенің объектісі, субъектісі ретінде және оның дамуы мен қалыптасуының факторы
III бөлім. Тұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасы	
1-тарау. Тұтас педагогикалық үдерістің жүйе құрушы компоненттері	
1	Тұтас педагогикалық үдерістің (ТПҮ) мәні және құрылымы
2	Тәрбиенің мақсаты, оның әлеуметтік тұрғыдан негізделуі
3	Ғылыми дүниетаным – оқушының интеллектуалды дамуының негізі
2-тарау. Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбие	
1	Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің мәні мен мазмұны
2	Тәрбиенің құралдары мен формалары
3	Тәрбиенің әдістері
4	Отбасы тәрбиесінің негіздері
3-тарау. Оқыту -- тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі	
1	Оқыту үдерісінің маңызы
2	Қазіргі мектептегі білім беру мазмұнының ғылыми негіздері
3	Оқыту формалары, әдістері мен құралдары ТПҮ-нің қозғаушы механизмі ретінде
4	Сабақ – оқытудың негізгі формасы
5	Оқыту әдістері
6	Оқытудағы диагностика және бақылау
7	Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық іс-әрекетін

	белсендендіру
8	Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі оқыту технологиялары

Жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандартының бітіруші түлек **құзыреттілігіне** қойылатын талаптарына сәйкес, **студент**

- ғылым мен білімнің қоғамдық өмірдегі рөлі туралы;
- әлемдік білім кеңістігіндегі қазіргі тенденциялар жөнінде;
- 12-жылдық орта білім беретін мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктері туралы және т.б. **түсінуге;**
- қазіргі қоғамдағы педагогтың әлеуметтік мәні мен рөлі туралы;
- болашақ мамандықтарының әлеуметтік мәні мен мазмұны туралы;
- болашақ мұғалім іс-әрекетінің объектісі жайлы;
- педагогтың үздіксіз кәсіби-тұлғалық қалыптасуының факторлары туралы.
- Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі туралы;
- педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін және оның даму тарихын, әлемдік педагогикалық мұраларды;
- тұтас педагогикалық үдеріс теориясы мен практикасын;
- педагогикалық үдерісті жүзеге асыру технологиясын;
- мектептің педагогикалық үдерісін басқарудың мазмұны мен ерекшеліктерін және т.б. **білуге;**
- педагогикалық үдерісте педагогикалық қарым-қатынасты орната алу және өзара әрекеттестікті жүзеге асыру;
- сөйлеу және педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін, өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу негіздерін меңгеру;
- педагогикалық үдеріс заңдылықтарына, тәрбиелік тетіктеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын жобалау және жүзеге асыру;
- сыныпта негізгі сипаттамасына (өзгермелі) және оның ары қарай дамуын болжау бойынша оқу-тәрбие үдерісін диагностикалауды іске асыру;
- оқу-тәрбие міндеттерін тұжырымдау, осы міндеттерге адекватты іс-әрекет түрлерін, формалары мен әдістерін таңдау;
- білім беру мен тәрбиелеу үдерісіне өзіндік қатынасын дайындау, тарихтың әр түрлі кезеңдеріндегі білім беру жүйесінің даму тенденцияларын жете ұғыну және т.б. **біліктіліктерін игеруге;**
- ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті;
- педагогикалық қатынас пен педагогикалық техниканы;
- педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларымен субъект-субъектілі өзара әрекеттестікті ұйымдастыру;
- білім беру кеңістігінде педагогикалық технологияларды қолдану;
- педагогикадан алған білімді кәсіптік практиканы өту барысында қолдану, сонымен қатар кәсіби міндеттерді шешу; кәсіби іс-әрекетке байланысты алуан түрлі жағдайлар мен жағдаяттарда икемді және мобилді (ұтқыр) болу **дағдыларын меңгеруге;**

- білім беру жүйесіндегі нормативті құжаттарда бекітілген кәсіби міндеттерді орындауда;
- қазіргі мектептегі кәсіби-педагогикалық іс-әрекет саласында;
- кәсіби біліктіліктер мен дағдыларды ары қарай дамыту тәсілдерінде **құзыретті болуға міндетті.**

Педагогика гуманитарлық білім жүйесіндегі пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асыруды талап ететін ғылым ретінде интеллектуалды тұлғаны қалыптастыруға бағдарланған. Бұл педагогика курсы оқыту студентке педагогикалық іс-әрекет пен нақты мотивацияланған өмірлік таңдауын сәйкестендіруге, сонымен қатар үздіксіз білім алу мен өздігінен білім алу қажеттілігін жете түсінуіне септігін тигізеді.

Пререквизиттер: «Қазақстан тарихы», «Мәңгілік Ел», «Оқушылардың даму физиологиясы», «Психология», «Өзін-өзі тану».

Постреквизиттер: «Педагогика» пәні «Әлеуметтану», «Мәдениеттану», «Білім беру менеджменті», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі», «Арнайы пәндерді оқыту әдістемесі», таңдау бағыты бойынша әртүрлі элективті педагогикалық курстарды оқытуда, сонымен қатар оқу және өндірістік педагогикалық практика үшін негіз қалыптастырады.

Бағдарламаның мазмұны

I бөлім. Педагогикалық мамандыққа кіріспе

1 - тақырып. Қазіргі жағдайдағы білім берудің басымдылық рөлі

Заманауи мәдениеттегі білім берудің орны мен рөлі. Білімнің әлеуметтік мәні. «Білім берудің» үш түрлі мағынасы. Білім беру құндылық ретінде. Білім беру үдеріс және нәтиже ретінде. Білім беру жүйе ретінде. Білім беру – адамның тұлғалық және кәсіптік дамуының факторы.

Қазіргі білім беру парадигмасы: нәтижеге және жеке тұлғаға бағдарлануы. Білім беру – ХХІ ғасырдағы стратегиялық басымдылық. Білім беру саласындағы өзгерістерге әсер ететін факторлар. Дүниежүзлік білім беру жүйесінің негізгі даму бағыттары. Үздіксіз, ашық білім беруге ауысу – қазіргі білім берудің дамуындағы жетекші дүниежүзілік тенденциялардың бірі. Қазіргі кездегі орта білім берудің дамуындағы негізгі тенденциялар.

Білім беру жүйесі туралы түсінік. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің заңнамалық негіздері. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік білім беру саясаты. Білім беру саясатының қағидалары. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің құрылымы. Жалпы орта білім беру – білім беру жүйесінің базалық бөлігі және білім алушылар тұлғасының зияткерлік әлеуетін, функционалдық сауаттылығын дамытудың негізі. Орта білім беруді жүргізу мекемелерінің типтері. Қазақстан

Республикасындағы шағын комплектілі мектептер. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы. 12-жылдық орта білім беру моделі. Педагогтың жеке тұлғаның қалыптасуындағы және қазіргі уақытта орта білім міндеттерін шешудегі рөлі.

Негізгі ұғымдар: білім беру, білім беру парадигмасы, әлемдік білім беру кеңістігі, білім берудің дамуындағы тенденциялар, білім беру жүйесі, жалпы орта білім беру, инклюзивті білім беру, тұлғаның зияткерлік әлеуеті, функционалдық сауаттылық.

2 - тақырып. Педагогикалық кәсіп пен іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы

Кәсіп және мамандық туралы түсінік. Педагогикалық мамандықтың пайда болуы және қалыптасуы. Педагогикалық мамандықтың өзгешелігі, оның гуманистік сипаты. Мұғалім еңбегінің профессиограммасы – мұғалім тұлғасының моделі ретінде. Білім беру деңгейлері бойынша педагог қызметінің квалификациялық сипаттамасы.

Педагогикалық іс-әрекеттің кәсіби стандарты педагогтың білімі, білігі, іскерлігі және тұлғалық қасиеттеріне қойылатын минималды талаптар жүйесі ретінде. Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында анықталған қазіргі заман мұғаліміне қойылатын кәсіби талаптар және оның құқықтары мен міндеттері.

Педагогикалық іс-әрекет – әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі. Кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің мәні, құрылымы мен мазмұны. Мұғалім іс-әрекетінің объектісі – педагогикалық үдеріс. Педагог-мұғалім және тәрбиеші іс-әрекетінің ерекшеліктері. Педагогикалық іс-әрекеттің функциялары. Педагогикалық іс-әрекеттің ұжымдық, шығармашылық, ізгілік, көпфункционалдық сипаты. Педагогикалық үдерістегі мұғалім іс-әрекетінің функционалды түрлері. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің тұтастығы. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің стилі.

Негізгі ұғымдар: педагогикалық кәсіп, квалификациялық сипаттама, профессиограмма, кәсіби стандарт, педагогикалық іс-әрекет, түрлері, функциялары, кәсіби-педагогикалық біліктіліктер, кәсіби маңызды қасиеттер, педагогикалық шығармашылық.

3 тақырып. Педагогтың тұлғасы және оның кәсіби құзыреттілігі

Жеке тұлға ғылыми категория ретінде. Жеке тұлғаның психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, жеке тұлға компоненттері. Жеке тұлғаның қалыптасу кезеңдері. Жеке тұлға - іс-әрекет объектісі және субъектісі. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайлар және олардың жеке тұлғаға әсері. Тұлғалық-бағдарлық білім беру тұжырымдамасы.

Мұғалім тұлғасына қойылатын қазіргі талаптар. Педагогтық кәсіпке деген қызығушылық, оның қоғамдағы рөлін түсіну болашақ мұғалімнің кәсіби жолды таңдауындағы және кәсіби өзін-өзі жетілдіруіндегі жетекші

мотивтер ретінде. Педагогикалық бейімділік пен педагогикалық қабілеттілік педагог тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық негізі. Педагогикалық қабілеттілік пен педагогтың авторитеті. Бағыттылық - педагог тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттері және оның ерекшеліктері.

Тұтас педагогикалық үдерістегі тұлғалық қатынас мәселесі. Педагогикалық этика және мұғалім әдебі – педагогикалық үдеріс субъектілері арасындағы өзара қатынастың негізі. Педагогтың жалпы және кәсіби мәдениеті: мәні, өзгешелігі, өзара байланысы.

Педагогикалық білім беруді жаңғыртудың әлемдік тенденциялары. Педагогикалық білім беруді құзыреттілік негізінде жаңғырту.

«Құзыреттілік», «құзырет», «құзыреттілік тәсілі», «мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігі» ұғымдарының мәні. Кәсіби құзыреттілік және педагогикалық шеберлік. Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың шарттары және негізгі психологиялық-педагогикалық алғышарттары. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық өсуінің қазіргі заманғы формалары. ХХІ ғасырдағы ұстаз моделі.

Негізгі ұғымдар: тұлға, тұлғалық қатынастар, тұлғалық-бағдарлық білім беру, болашақ мұғалім тұлғасы, іс-әрекет объектісі және субъектісі, мұғалім тұлғасының кәсіби-маңызды қасиеттері, құзыреттілік, құзырет, құзыреттілік тәсілі, кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктер.

4 - тақырып. Педагогтың үздіксіз кәсіби өсуінің факторлары

«Үздіксіз білім беру» ұғымының мәні. Тұлғаға үздіксіз білім беру – қоғамның тұрақты дамуының шарты. Тұлғаның үздіксіз білім алуға даярлығы. Үздіксіз білім алу - тұлғаның кәсіби сұранысқа ие болу және болашақ маманды дайындаудағы құзыреттілік тұрғыда оқытуды іске асыру факторы. Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі үздіксіз білім алудың мәні. Үздіксіз педагогикалық білім – мұғалімнің кәсіби-тұлғалық дамуындағы және өзін-өзі танытуындағы жетістігінің шарты.

Педагогикалық қарым-қатынас – педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттестігінің негізі. Педагогикалық қарым-қатынас стильдері. Әртүрлі жастағы оқушылармен педагогикалық қарым-қатынастың ерекшеліктері. Педагогикалық қарым-қатынасты орнатуға қойылатын талаптар. Қазіргі жағдайдағы мұғалімнің коммуникативтік құзыреттілігі.

Педагогтың сөйлеу мәдениеті – кәсіби іс-әрекет жетістігінің шарты. Мұғалімнің сөйлеуіне қойылатын этикалық талаптар. Мұғалімнің сөйлеуінің тәрбиелік және білім берушілік әсері.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу қазіргі мұғалім тұлғасын дамыту факторы ретінде, оның ерекшеліктері. Педагогтың кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуін ұйымдастыру, оның құралдары, формалары, әдістері.

Педагогикалық рефлексия - өзін-өзі тәрбиелеудің негізі. Педагогикалық ұжымның педагог тұлғасының өзін-өзі тәрбиелеуіндегі рөлі. Өзін-өзі

тәрбиелеудің үздіксіз білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігін жоғарлатудағы рөлі.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайындағы өздігінен білім алудың рөлі. Өздігінен білім алу - қазіргі заман жағдайында мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің нормасы және түрі. Мұғалімнің өздігінен білім алу құзыреттілігі - оның өздігінен білім алу іс-әрекетінің нәтижесі.

Негізгі ұғымдар: үздіксіз білім беру, үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесі, педагогикалық қарым-қатынас, қарым-қатынас стильдері, «Мен-тұжырымдама», сөйлеу мәдениеті, сөйлеу техникасы, өзін-өзі тәрбиелеу, кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тәрбиелеу әдістері, педагогикалық рефлексия, өздігінен білім алу, өздігінен білім алу әдістері, өздігінен білім алу құзіреттілігі.

II бөлім. Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері

1 - тақырып. Педагогика адам туралы ғылым жүйесінде

Педагогика ғылымыны қалыптасуы мен дамуы. Педагогика - қазіргі адамтанудың саласы. Педагогика ғылым ретінде. Педагогиканың объектісі, пәні және қызметтері. Педагогика ғылымдарының қоғамның қазіргі даму кезеңіндегі міндеттері.

Педагогиканың негізгі категориялары (тәрбие, оқыту, білім беру, педагогикалық үдеріс), олардың өзара байланысы. Педагогикалық ғылымдарда пәнаралық ұғымдардың (тұлға, іс-әрекет, қарым-қатынас, дамыту, әлеуметтену, қалыптастыру) қолданылу ерекшелігі. Педагогикалық ғылымдар жүйесі. Педагогиканың философия, психология, әлеуметтану, физиология және басқа ғылымдармен байланысының түрлері.

Негізгі ұғымдар: педагогика, педагогика объектісі, педагогика пәні, педагогиканың қызметтері, педагогикалық үдеріс, педагогика ғылымдарының жүйесі.

2 - тақырып. Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздері мен әдістері

Педагогика ғылымының әдіснамасы мен педагогтың әдіснамалық мәдениеті туралы түсінік. Педагогика әдіснамасының деңгейлері. Философиялық заңдар, заңдылықтар. Таным теориясы. Жүйелік тәсіл (тұғыр) - құбылыстардың жалпы байланыстарының бейнеленуі. Тұлға теориясы. Іс-әрекет теориясы. Құндылықтар теориясы. Басқару теориясы. Әлеуметтендіру теориясы. Педагогикалық теория мен практиканың әрекеттестік диалектикасы.

Ғылыми-педагогикалық зерттеудің мәні мен мазмұны. Педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру. Педагогика ғылымының әдістері. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің технологиясы. Ғылыми зерттеу бағдарламасы мен

процедурасы. Мұғалімнің зерттеушілік іс-әрекетінің әдістері. Нақты педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру және өткізу әдістемесі.

Негізгі ұғымдар: педагогикалық зерттеулер, әдіснамалық негіз, педагогика ғылымының әдістері, зерттеушілік инновациялық іс-әрекет, мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті, зерттеуші-мұғалімнің әдіснамалық мәдениеті, зерттеушілік мәдениеттің әдістері.

3-тақырып. Жеке тұлға тәрбиенің объектісі, субъектісі ретінде және оның дамуы мен қалыптасуының факторы

Адамды педагогикалық тұрғыдан табиғи, әлеуметтік, тарихи, белсенді мүше ретінде түсінудің және оны дамыту, қалыптастыру, тәрбиелеу факторларының философиялық ережелері мен әдіснамалық негізі. «Тұлға», «адам», «индивид», «даралық» ұғымдары және олардың арақатынасы. Тұлға – іс-әрекеттің және өзіндік дамудың субъектісі. Тұлғаны «дамыту», «тәрбиелеу», «қалыптастыру», «әлеуметтендіру» ұғымдарына және олардың арақатынасына сипаттама.

Адамның дамуындағы және оның тұлға ретінде қалыптасуындағы (биологиялық, әлеуметтік және биоәлеуметтік) биологиялық және әлеуметтік арақатынас тұжырымдамасы. Тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға әсер ететін факторлар (сыртқы және ішкі, биологиялық және әлеуметтік). Негізгі факторлар: тұқымқуалаушылық, орта, тәрбие, олардың өзара байланысы. Іс-әрекетпен қарым-қатынастың тұлғаның дамуындағы және қалыптасуындағы рөлі. Тұлға - тәрбиенің, өзіндік дамудың объектісі және субъектісі. Тұлғаны дамытудың және қалыптастырудың қозғаушы күштері мен негізгі заңдылықтары. Өзін-өзі тәрбиелеу - тұлғаның дамуы мен қалыптасуының шарты, нәтижесі.

Жеке тұлға дамуының жас ерекшелігі туралы түсінік, оның табиғи әлеуеті. Білім алушының жеке тұлғалық дамуындағы жас ерекшелік кезеңдері, жастық кезеңдерге сипаттама. Балалардың психофизиологиялық әркелкі дамуы («жас ерекшеліктер дағдарысы», «дарынды балалар», «акселерация») және балалардың базалық психоәлеуметтік талаптары мәселелері, оларды оқу-тәрбие үдерісінде есепке алу. Ұл және қыз балаларды әлеуметтендірудегі гендерлік айырмашылық және заңдылықтар. Білім алушыларды дамытуда, оқытуда, өзін-өзі тәрбиелеуде, өзін-өзі дамытуда педагогикалық қолдау көрсету. Білім берудегі инклюзивті тәсіл және оны Қазақстанда іске асыру.

Негізгі ұғымдар: жеке тұлға, индивид, даралық, даму, тәрбие, қалыптасу, белсенділік, объект және субъект, тұқымқуалаушылық, орта, тәрбие, өзін-өзі тәрбиелеу, іс-әрекет, қарым-қатынас, жастық кезеңдері, даралық ерекшеліктері.

III бөлім. Тұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасы

1-тарау. Тұтас педагогикалық үдерістің жүйе құрушы компоненттері

1-тақырып. Тұтас педагогикалық үдерістің (ТПҮ) мәні мен құрылымы

«Мұғалімнің іс-әрекет объектісі» және «педагогикалық үдеріс» ұғымдары (П.Ф.Каптеров, Н.Д.Хмель, В.А.Сластенин және т.б.). Педагогикалық үдеріс әлеуметтік жүйе ретінде «педагог-оқушылар» - мұғалім іс-әрекетінің объектісі. Педагогикалық үдерістің белгілері мен сапалық ерекшеліктері. Мұғалім мен оқушылардың әрекеттестігі іс-әрекет субъектісі ретінде (субъект-субъектілі қатынас) – педагогикалық үдерістің маңызды сипаттамасы. Педагогикалық үдерістің біртұтастығы. ТПҮ компоненттерінің құрылымы мен сипаттамасы. Тұтас педагогикалық үдерістің қызметтері (білімділік, тәрбиелік, дамытушылық). Педагогикалық үдерістің оқу және оқудан тыс саласының бірлігі жеке тұлғаны қалыптастырудың шарты. Педагогикалық үдеріс дамушы жүйе. Қарама-қайшылық - педагогикалық үдерістің қозғаушы күші. Педагогикалық үдерістің қозғалыс тетіктері (құралдар, формалар, әдістер мен тәсілдер). Педагогикалық үдерістің тәрбиелік механизмдері – педагогтар мен оқушылар арасындағы, ұжым ішіндегі қарым-қатынастар жүйесі. Тұтас педагогикалық үдеріс теориясы туралы білім – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізі.

Негізгі ұғымдар: мұғалім іс-әрекетінің объектісі, педагогикалық үдеріс, «педагогтар – оқушылар» жүйесі, субъект-субъектілі қатынастар, педагогикалық жағдаяттар, педагогикалық үдерістің қозғаушы күштері, тәрбиелік механизмдер, кәсіби құзыреттілік.

2-тақырып. Тәрбиенің мақсаты, оның әлеуметтік тұрғыдан негізделуі

Мақсат - ғылыми категория және тұлғаның идеалдық моделі. Тәрбиенің мақсаты - тұтас педагогикалық үдерістің жүйетүзуші факторы. Педагогикалық үдерістегі мақсаттардың иерархиясы.

Тәрбиенің мақсаты - нақты тарихи құбылыс. Педагогикалық ойлар тарихындағы тәрбие мақсаты туралы мәселелер. Тәрбиенің мақсаты – жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға ұғымын қалыптастыру. Тәрбие мақсатының жалпыадамзаттық құндылықтар, мәдениеттілік, жеке тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамыту идеясы, ұлттық құндылық бағдар, тәрбие үдерісін ізгілендіру және демократияландыру, құзыреттілік тұрғысы негізіндегі қазіргі анықтамалары.

Әлемдік және ұлттық мәдениет – тәрбие мақсатын анықтаудың әдіснамалық негізі. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жас ұрпақты өз бетімен өмір сүруге тәрбиелеу мен дайындау мақсатына, міндеттеріне әсері.

Педагог құзыреттілігінің мақсатты үдеріске әсері.

Негізгі ұғымдар: тәрбиенің мақсаты, әлемдік мәдениет, ұлттық мәдениет, жалпыадамзаттылық құндылық, ұлттық құндылық, жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға.

3-тақырып. Ғылыми дүниетаным – оқушының интеллектуалды дамуының негізі

Оқушылардың дүниетанымының мәні мен қызметтері. Дүниетанымның құрылымы: білім, көзқарастар, сенім, идеалдар, өмірлік ұстаным. Тұлғаның іс-әрекеті – оның дүниетанымының көрінуі. Дүниетанымның түрлері.

Дүниетанымды қалыптастырудың әдіснамалық негіздері. Жеке тұлғаның құндылық бағдары, оның интеллектуалды дамуы – оқушылар дүниетанымының қалыптасу көрсеткіші. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру құралдары: оқыту мен тәрбиенің мазмұны, формасы, әдістері, пәнаралық байланыс, оқушыларды әр алуан іс-әрекет түрлеріне қатыстыру; отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі, ТПУ жобалау және т.б. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың қазіргі мәселелері. Жеке тұлғаның ғылыми дүниетанымын қалыптастырудағы мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігінің маңызы.

Негізгі ұғымдар: дүниетаным, дүниеге көзқарас жиынтығы, әлеуметтік орта, дүниетанымның компоненттері, тұлғаның құндылық бағдары, дүниетанымды қалыптастыру құралдары.

2-тарау. Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбие

1-тақырып. Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің мәні мен мазмұны

Тәрбие – тұтас педагогикалық үдерістің бөлігі. Адамзат тарихындағы тәрбие жүйелері. Заманауи тәрбие концепциялар мен моделдері. Демократиялық қоғамының тәрбиелеу идеологиясы.

Тәрбие мазмұны ұғымы. Тәрбиенің мақсаты, міндеттері мен мазмұнының өзара байланысы. Тәрбие мазмұнының қоғамдық сана мен құндылық ұстанымға тәуелділігі. Тәрбиенің түрлері және оларға сипаттама. Тәрбиенің дәстүрлі түрлері. Тәрбие мазмұнының әлеуметтік-экономикалық негізделуі. Тәрбие мазмұнын көкейкестендіру және жаңарту: адамгершілік-рухани, азаматтық-патриоттық, құқықтық, көпмәденилік, экологиялық, денсаулыққа және салауатты өмір салтына құндылық қатынасты қалыптастыру және т.б. 12-жылдық білім беру жағдайындағы кәсіптік бағдар беру жұмысының ерекшеліктері.

Ұлттық тәрбиелік әлеует. Ұлттық мәдениетке ұлттық сана мен құндылық қатынасты қалыптастыру, этникааралық толеранттылыққа тәрбиелеу, ұлтаралық қатынас мәдениеті – ҚР тәрбие үдерісінің басымды бағыты.

ТПУ-тегі тәрбие түрлерінің өзара байланысы. Тәрбие мазмұнындағы тұлғалылықты күшейтудің бастамасы: өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі

тәрбиелеу. Оқушының өмірлік өзін-өзі анықтауы, әлеуметтік белсенділігі. Әлеуметтену контекстіндегі тәрбие. Әлеуметтендірудің педагогикалық сипаттамасының компоненттері. Мектеп жағдайында әлеуметтенудің түрлері, кезеңдері. Оқушының әлеуметтенуінің негізгі басқыштары: бірегейлік, даралық, жекелік. Тәрбиелік кеңістік – оқушыны әлеуметтендіру факторы.

Негізгі ұғымдар: тәрбиенің мазмұны, тәрбиенің түрлері, тәрбиелік үдеріс, ұлттық тәрбиелік идеал, әлеуметтендіру, әлеуметтенудің түрлері, өзін-өзі дамыту.

2-тақырып. Тәрбиенің формалары мен құралдары

ТПҮ-нің қозғаушы тетіктері ретінде тәрбиенің құралдары, формалары, әдістері туралы түсінік, олардың өзара байланысы мен бір-біріне тәуелділігі. Оқушылармен тәрбиелік жұмыс формаларының негізгі топтары: мектептік өмірді басқару және өзін-өзі басқару формалары; танымдық формалары; қызықтырушылық формалары және т.б.

Тәрбие құралдары: тәбиғат, қарым-қатынас, материалдық және рухтық құндылықтар, жарыс, ұжым, іс-әрекет т.б.

Тәрбиелік іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру шарты ретінде құрал, форма, әдістердің өзара байланысы. Тәрбие құралдарын, формаларын және әдістерін анықтаудағы мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігі.

Негізгі ұғымдар: педагогикалық үдерістің қозғаушы тетіктері, құралдар, формалар, әдістер

3-тақырып. Тәрбие әдістері

Тәрбие әдістері туралы түсінік. Тәрбие әдістерінің психологиялық негізі. Тәрбие әдістерін жіктеу және оларды дайындаудың өлшемдері. Тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері. Тұлғаның тәжірибесі мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру әдістері. Мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру әдістері. Бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері. Тәрбиенің инновациялық интербелсенді әдістері және тәрбие технологиясы Тәрбие әдістерін қолданудың педагогикалық шарттары. Педагогикалық шығармашылықты көрсету ретінде тәрбиенің әдістерін сұрыптау. Оқушының тәрбиелігінің диагностикасы және тәрбиелілік көрсеткіштері.

Негізгі ұғымдар: әдіс, тәрбие әдістерін жіктеу, тәрбие технологиясы, инновация, оқушының тәрбиелігінің диагностикасы.

4-тақырып. Отбасы тәрбиесінің негіздері

Отбасы – бала тұлғасын әлеуметтендірудің факторы және белсенді субъектісі. Отбасы тәрбиесінің нормативтік-құқықтық негіздері. Отбасы тәрбиесінің ізгіліктік және этнопедагогикалық аспектісі. Отбасының қызметтері, типтері. Қазіргі отбасының ерекшеліктері.

Отбасында педагогикалық үдерісті ұйымдастыру. Отбасындағы педагогикалық үдерістің негізгі компоненттері: отбасы тәрбиесінің мақсаты, міндеттері, мазмұны, балалар мен ересектердің өмірлік тіршілігін ұйымдастырудың құралдары, формалары, әдістері. Педагогикалық үдерістің негізгі бағыттары. Отбасы тәрбиесінің қазіргі мәселелері. Отбасындағы тәрбиенің этникалық ерекшеліктері. Отбасының оқушы тұлғасының ұлттық санасын қалыптастыруға ықпалы. Ата-ананың педагогикалық мәдениеті. Ата-аналардың білім беруді басқаруға қатысуы. Отбасы және мектептің ынтымақтастығының формалары.

Отбасы мен педагогикалық ұжым жұмысындағы сынып жетекшісінің рөлі.

Негізгі ұғымдар: қоғамдық және отбасылық тәрбие, отбасындағы педагогикалық үдеріс, ата-аналардың педагогикалық белсенділігі, ынтымақтастық түрлері, отбасы және мектептің тәрбиелік мүмкіндіктерінің интеграциясы, отбасы құзыреттілігі.

3-тарау. Оқыту -- тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі **1-тақырып. Оқыту үдерісінің маңызы**

Дидактика - оқыту және білім беру теориясы. Педагогика тарихындағы дидактикалық теориялардың дамуы. Я.А.Коменскийдің педагогикалық теориясы. Дидактиканың негізгі категориялары. Дидактика - жеке әдістеменің негізі. Оқыту үрдісінің мәні. Оқытудың әдіснамалық негізі. Таным теориясы. Оқытудағы интербелсенді тәсілдер. Оқытудың мақсаты мен міндеттері. Оқытудың заңдылықтары және қағидалары. Оқыту үрдісінде педагогикалық үдерістің қызметтерін іске асыру - білімділік, тәрбиелік, дамытушылық. Оқыту үрдісінің құрылымы, негізгі кезеңдері.

Тұлғалық-бағдарлық оқытудың негіздері. Оқытудағы құзіреттілік тәсіл. Тұлғаның түйінді құзіреттіліктері - оқытудың нәтижесі.

Оқытудың психологиялық негіздері. Оқытудың психологиялық теориялары: ассоциативтік-рефлекторлық, ақыл-ой әрекеттерін сатылап қалыптастыру және т.б. Оқыту мен білім берудің тәрбиелік мүмкіндіктері. 12-жылдық мектептегі оқытудың өзіндік ерекшеліктері. Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері. Бағдарлы оқытудың мәні және оны ұйымдастырудың ерекшеліктері. Қазіргі мектептегі электронды (E-learning) оқыту жүйесі. Өздігінен білім алу – қазіргі кезеңде оқытудың маңызды шарты. Дидактикалық құзыреттілік – мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігінің құрылымдық компоненті.

Негізгі ұғымдар: дидактика, оқыту үдерісі, оқыту функциясы, оқыту заңдылықтар, қағидалары, түйінді құзыреттіліктер, бағдарлы мектеп, электрондық оқыту, дидактикалық құзыреттілік.

2-тақырып. Қазіргі мектептегі білім мазмұнының ғылыми негіздері

«Білім мазмұны» ұғымы. Білім мазмұны - педагогикалық бейімделген әлеуметтік тәжірибе. Білім мазмұнының теориялары. Білім мазмұны - тұтас

педагогикалық үдерістің компоненті. Білім мазмұнын анықтаудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Білім мазмұнына қойылатын талаптар. Білім мазмұнын іріктеу факторы және көздері. Мектептегі білім мазмұнын іріктеу өлшемдерінің дидактикалық жүйесі және негізгі қағидалары.

Білім мазмұнының негізгі компоненттері. Білім мазмұнының тәрбиелік аспектісі. Құзыреттілік тәсіл негізінде ҚР 12-жылдық мектептің білім мазмұнын модернизациялау. Білім мазмұнын ізгілендіру, гуманитарландыру, этнопедагогикаландыру. Функционалды сауаттылық – тұлғаның өмір тіршілігінің әр түрлі саласындағы міндеттерді шешу нәтижесі және негізі.

Бейіндік оқыту мазмұнының ерекшеліктері. 12 жылдық мектепте білім мазмұнын пәнаралық байланыс негізінде интеграциялау.

Білім мазмұнын анықтайтын нормативті құжаттарға сипаттама: білім беру стандарттары, базистік оқу жоспары, оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу- әдістемелік кешендер (ОӘК).

Негізгі ұғымдар: білім мазмұны, бейіндік оқытудың білім мазмұнының көздері, пәнаралық байланыс, функционалды сауаттылық, қосымша білім беру, нормативті құжаттар.

3- тақырып. Оқыту формалары, әдістері мен құралдары ТПҮ-нің қозғаушы механизмі ретінде

Оқыту құралдары туралы түсінік. ТПҮ-тің оқыту құралдары – іс-әрекет түрлері (ойын, таным, еңбек, қарым-қатынас). Дидактикадағы дәстүрлі оқыту құралдары және оларға сипаттама.

Мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігінің тәсілі ретінде оқытуды ұйымдастыру формасы туралы түсінік. Оқытуды ұйымдастыру формасы, әдістері мен құралдары арасындағы арақатынас.

Қазіргі заманғы мектептегі оқу жұмысын ұйымдастырудың формалары: сабақ, экскурсия, практикумдар мен семинарлар, оқушылардың оқу үй жұмыстары, сынақтар, консультация, емтихан, факультативті сабақтар және т.б. Сыныптан тыс оқу жұмысының формалары: пәндік үйірмелер, ғылыми қоғам, олимпиадалар, байқаулар және т.б. Педагогикалық шығармашылықтың нәтижесі ретінде оқытудың инновациялық формаларын қолдану. Оқушылардың оқу және оқудан тыс танымдық іс-әрекеттерін үйлестіру.

Негізгі ұғымдар: оқытудың формалары, сабақ және сабақтан тыс формалар, оқытуды ұйымдастырудың фронтальды, топтық, дербес формалары.

4-тақырып. Сабақ – оқытудың негізгі формасы

Қазіргі сабақтың теориясы. Сабақ – педагогикалық үдерістің уақыт бойынша шектелген, логикалық аяқталған бөлігі. Сабақ – тұтас жүйе, оның компоненттері мен міндеттері (білімділік, дамытушылық, тәрбиелік). Қазіргі сабаққа қойылатын талаптар. Сабақтың типологиясы және құрылымы. Сабақтың логикалық-психологиялық, дидактикалық және әдістемелік құрылымының арақатынасы.

Сабақта оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың топтық, дербес, фронтальды формалары. Оқушыларды өзара оқыту, ұжымдық танымдық іс-әрекет, оларды мұғалімнің басқару ерекшеліктері.

Сабақты ұйымдастырудың дәстүрлі емес формалары: «авторлық сабақтар», конференция-сабақ, пікірталас-сабақ, брифинг-сабақ, семинар-сабақ, бинарлы сабақ, сипаттау сабағы, ойландыру сабағы, пікірсайыс сабақ, ойын сабағы, зерттеу сабағы және т.б.

Мұғалімді сабаққа дайындау жүйесі. Тақырып және сабақ бойынша жоспарлау. Сабақты талдау және өзіндік талдау – басқару объектісінің сапасы туралы жаңа білімді алу әдісі. Сабақты талдаудың типологиясы мен түрлері (толық, дидактикалық, психологиялық, тәрбиелік, жүйелі, қысқа, құрылымдық, аспектілі, кешенді, ұйымдастырушылық, біріктірілген және т.б.). Оқушыларды оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі формаларын шығармашылықпен қолдану мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің көрінісі ретінде.

Негізгі ұғымдар: сабақ, оқытудың топтық, дербес, фронтальды формалары формалары, сабақ талдау және өзіндік талдау.

5-тақырып. Оқыту әдістері

Әдіс туралы жалпы түсінік. Оқытудың әдістері мен әдістемелік тәсілдері. Әдіс тұтас педагогикалық үдерістің компоненті ретінде. Оқыту әдістерінің атқаратын қызметі мен міндеттері.

Оқыту әдістерінің дидактикалық, психологиялық және технологиялық аспектілері. Оқыту әдістерінің ерекшеліктері: тәрбиелік, білімдік, дамытушылық міндеттері; екі жақты сипаты; жеке әдісті қолдану логикасы; сабақта оқыту әдістерінің кешенін таңдау негіздері.

Оқыту әдістерінің көптүрлілігі. Қазіргі заманғы дидактикада оқыту әдістерін жіктеудің сан алуан тәсілдері. Оқыту әдістеріне сипаттама: сөздік, көрнекілік, практикалық. Оқыту әдістерінің, құралдары мен тәсілдерінің өзара байланысы.

Оқытудың инновациялық интербелсенді әдістері: пікірсайыс, тренинг, диалог, дебат, пікірталас, т.б. Оқыту әдістерін таңдау мәселелері. Мұғалімнің оқытудың қозғаушы тетіктерін тиімді басқаруындағы әдістемелік және технологиялық құзыреттілігі.

Негізгі ұғымдар: әдістер, оқыту тәсілдері, әдістемелік тәсілдер, оқыту құралдары, оқыту әдістерін жіктеу.

6-тақырып. Оқытудағы диагностика және бақылау

Оқыту сапасын диагностикалау. Ұғымдар: оқушының оқу жетістігін бақылау, бағалау, белгілеу. Үлгерім – оқушылардың оқу жетістігінің сипаттамасы. Оқушылардың іс-әрекет нәтижесін бақылаудың мақсаты мен қағидалары. Оқу іс-әрекетінің нәтижесін бақылау және бағалау қызметтері: бақылаушылық, ынталандырушылық, дамытушылық, білімдік, үйретушілік, тәрбиелік. Бақылау қызметінің өзара байланысы мен өзара негізділігі.

Бақылаудың теориялық негіздері және оқу жұмысының нәтижелілігін есепке алу. Бақылаудың түрлері. Оқу жұмыстарын бақылау әдістері мен нәтижелігін бағалау жүйесі. Оқушылардың оқу жетістігін бақылау мен бағалаудың қазіргі заманғы формалары. Тесттік және рейтингтік бақылау. Тесттердің типтері. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемдері, жүйесі. Оқушылар портфолиосы. Бағалау үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар. Бағалау үдерісіне оқушылардың қатысуы және өзара әрекеттестігі: бірін-бірі бағалау, өзін-өзі бағалау, бағалау пікірі. Ұлттық бірыңғай тестілеу – ҚР білім беру мекемелерінде білім алушылардың оқу әрекетінің нәтижесін тексеру және бақылаудың соңғы кезеңі. Білім алушылардың түйінді құзыреттіліктерінің қалыптасуын және оқу жетістігін бақылау мен бағалаудың түрлерін, формаларын жаңарту.

Негізгі ұғымдар: диагностика, бақылау, бағалау, белгілеу, үлгерім, бақылау мен бағалау әдістері, бағалау түсініктері, бағалау өлшемдері.

7–тақырып. Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық іс-әрекетін белсендендіру

Оқыту – оқушылардың танымдық іс-әрекеті. «Белсенді танымдық іс-әрекет», «түрткі», «ынталандыру» ұғымдары. Оқыту мотивтерінің жүктемесі. Мотивация және оқытудың табыстылығы. Танымдық қызығушылықтың оқу іс-әрекетіндегі рөлі, оның оқытудағы дамуы. Оқушы тұлғасын танымдық іс-әрекет субъектісі және өзіндік дамуы ретінде қалыптастыру. Оқушыларды оқытудың мотивтері. Оқушыларда танымдық қызығушылық пен ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін қалыптастыру. Оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетке және өзінің интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға мотивациялық дайындығын қалыптастыру. Оқушылардың танымдық шығармашылық іс-әрекеті. Мұғалімнің оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың шарттары мен құралдары. Педагог-новаторлар тәжірибесіндегі белсенді танымдық іс-әрекет идеясы мен технологиясы. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендірудің дәстүрлі және қазіргі тәсілдері.

Оқушылардың өз бетімен білім алуы, ақпараттық, коммуникативтік, құзыреттілігі, функционалды сауаттылығы - олардың белсенді танымдық іс-әрекеттерінің нәтижесі. Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіруге әсері.

Негізгі ұғымдар: танымдық іс-әрекет, танымдық іс-әрекетті белсендендіру, оқу әрекетінің мотивтері мен мотивациясы, интеллектуалды қабілет, функционалды сауаттылық, өздігінен білім алу.

8-тақырып. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі оқыту технологиялары

Педагогикалық технология туралы түсінік. «Әдістеме», «технология», «оқыту технологиясы», «педагогикалық технология» ұғымдарының

арақатынасы. Педагогикалық үлгілердің технологиялығының өлшемдері. Педагогикалық технологиялардың негізгі сипаттамалары. Педагогикалық технологиялардың қызметтері. Қазіргі педагогикалық технологияларды әр түрлі тұрғыдан жіктеу. Педагогикалық технологиялардың түрлері. Тұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асыру технологиясы. Тұтас педагогикалық үдеріс теориясы педагогикалық технологияларды қолданудың әдіснамалық негізі ретінде. Тұлғалық-бағдарлық білім беру технологиясы. Ұжымдық-танымдық іс-әрекет технологиясы. Оқушылардың ұжымдық-танымдық іс-әрекеті тұтас педагогикалық үдерістегі ынтымақтастық технологиясы ретінде. Проблемалық оқыту технологиясы. Оқытудың жобалау технологиясы. Қазіргі мектептегі оқытудың ақпараттық және коммуникативтік технологиялары. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту технологиясы. Оқытудың белгі-контекст технологиясы. Қазіргі мұғалімнің технологиялық құзыреттілігі.

Негізгі ұғымдар: технология, педагогикалық технологиялар, шығармашылық, мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті, технологиялардың түрлері, технологиялардың жіктемесі.

1– бөлім бойынша семинар сабақтарының үлгі тақырыптары

1- тақырып. Жаһандану үрдісінің білім беру саласына әсері.

2 - тақырып. Тұлғаның білім алуының қазіргі заманғы тәсілдері.

3 - тақырып. Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы нормативті-құқықтық құжаттар.

4 - тақырып. Қазақстан Республикасындағы 12-жылдық ора білім беру моделі.

5 - тақырып. Қазақстан Республикасындағы шағын комплектілі мектеп мәселесі.

6 – тақырып. Білім беру кеңістігіндегі педагог тұлғасы.

7 – тақырып. Педагогикалық кәсіп және оның қазіргі қоғамдағы рөлі.

8 - тақырып. Педагогикалық іс-әрекеттің ізгілік бағытты.

9-тақырып. Үздіксіз педагогикалық білім беру мәселесі мен перспективасы.

10-тақырып. Педагогикалық білім берудегі дәстүрлер мен инновациялар.

11-тақырып. Қазіргі заман мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі.

12-тақырып. Оқытудың заңдылықтары мен қағидалары.

13-тақырып. Болашақ мұғалімнің үздіксіз білім беру жүйесінде кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуі.

14-тақырып. Мұғалімдердің өздігінен білім алу жұмыстары – олардың педагогикалық құзыреттілігін жетілдірудің негізі.

15-тақырып. Педагогикалық кадрлар біліктілігін көтерудің қазіргі заманғы формалары.

2, 3 - бөлімдер бойынша семинар сабақтарының үлгі тақырыптары

1-тақырып. Педагогика адам туралы ғылымдар жүйесінде.

2 – тақырып. Педагогикадағы әдіснамалық білім деңгейлері және өзіндік ерекшеліктері, оларды жете ұғыну. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдістері.

3 – тақырып. Тұлғаны дамыту, қалыптастыру, тәрбиелеу факторларының өзара байланысы. Әртүрлі жастағы оқушыларды оқытудың, тәрбиелеудің ерекшеліктері.

4-тақырып. Педагогика ғылымында тұтас педагогикалық үдеріс теориясының қалыптасуы. Педагогикалық үдерістің қозғаушы күштері.

5- тақырып. Заңдылықтар мен қағидалар және олардың педагогикалық үдерістегі рөлі.

6 - тақырып. Мұғалім мен оқушының педагогикалық үдерістегі өзара әрекеттестігінің мәні. Мұғалімнің педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара қарым-қатынасын реттеудегі рөлі.

7 – тақырып. Педагогтың кәсіптік іс-әрекетіндегі мақсаттылық.

8 - тақырып. Қазіргі мектептегі тәрбиенің мазмұны.

9-тақырып. Тәрбиенің түрлері, әдістері және құралдары.

10-тақырып. Қазіргі мектептегі ғылыми дүниетаным және азаматтық, патриоттық тәрбие жүйесі.

11-тақырып. Оқытудың заманауи тұжырымдамалары. Таным теориясы – оқытудың әдіснамалық негізі.

12-тақырып. Оқытудың заңдылықтары мен қағидалары.

13-тақырып. Білім беру мазмұны – тұтас педагогикалық үдерістің компоненті.

14-тақырып. Тұлғалық-бағдарлық оқыту. Оқытудағы құзыреттілік тәсілі. Оқушылардың түйінді құзыреттіліктері – оқытудың нәтижесі.

15-тақырып. Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы.

16-тақырып. 12 жылдық мектептегі оқытудың ерекшеліктері: бейіндік оқыту.

17 – тақырып. Оқыту әдістері, оларға сипаттама.

18-тақырып. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау, есепке алу және тексеру.

1-бөлім бойынша СОӨЖ-нің үлгі тақырыптары

1-тақырып. Қазіргі білім берудің дамуындағы негізгі тенденциялар.

2- тақырып. Педагог - педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі. Қазіргі білім беру жүйесінде педагог тұлғасына қойылатын талаптар.

3- тақырып. Педагогикалық іс-әрекет және оның құрылымы туралы түсінік

4- тақырып. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеуі, кәсіби өзін-өзі білім жетілдіруі.

5- тақырып. Қазақстандағы 12-жылдық орта білім беру үлгісінің ерекшелігі.

6- тақырып. Шағын комплектілі мектеп және ауыл мұғалімінің іс-әрекеті.

7- тақырып. Қосымша білім беру жүйесі және педагогтың кәсіби іс-әрекеті.

8 -тақырып. Мұғалімнің жобалау-зерттеу іс-әрекеті.

9 - тақырып. Қазіргі педагогтың тәрбиелік іс-әрекеті.

10 - тақырып. Педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі оның кәсіби іс-әрекет жетістігінің шарты ретінде.

11- тақырып. Қазіргі жағдайдағы педагогикалық қарым-қатынас мәдениетінің құрастырушы компоненттері.

12 - тақырып. Мұғалімнің сөйлеуіне қойылатын этикалық нормалар.

13 - тақырып. Өздігінен білім алу іс-әрекетіндегі жоспарлау мен мақсаттылық.

14 - тақырып. Кітаптың анықтамалық-іздеушілік аппараты. Анықтамалық сөздіктермен жұмыс.

15 - тақырып. Құрылымдық-логикалық сұлба - ғылыми және оқу мәтіндерімен жұмыс істеу тәсілі ретінде.

2, 3– бөлімдер бойынша СОӨЖ –нің үлгі тақырыптары

1-тақырып. «Тәрбиелеу», «оқыту», «қалыптастыру», «әлеуметтендіру», «дамыту» ұғымдарының өзара байланысы.

2-тақырып. Мектеп пен отбасының баланы әлеуметтендіру үдерісіндегі рөлі.

3-тақырып. Дүниетаным – қалыптасушы тұлғаның өзегі.

4-тақырып. Қазіргі мектептегі тәрбие жүйесі және мазмұны.

5-тақырып. Оқушыларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.

6-тақырып. Қазіргі оқушыларда денсаулыққа және салауатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастыру.

7-тақырып. Тәрбие әдістері және олардың сипаттамасы.

8-тақырып. Балалар ұжымы – тәрбиенің субъектісі және объектісі.

9-тақырып. Сынып жетекшісінің тәрбиелік жүйені құру бойынша іс-әрекеті.

10-тақырып. Мұғалім жұмысындағы педагогикалық қолдау.

11-тақырып. Қазіргі мектептегі электрондық оқыту жүйесі.

12-тақырып. Мектептегі инклюзивті білім берудің мәні және оны жетілдіру.

13-тақырып. Қосымша білім беру жүйесінің мәні мен мазмұны.

14-тақырып. Оқыту құралдарына сипаттама.

15-тақырып. Оқытудың инновациялық формаларын қолдану – педагогикалық шығармашылықтың нәтижесі.

16-тақырып. Сабақ – оқытудың негізгі формасы. Мұғалімнің сабаққа дайындық жүйесі.

17-тақырып. Сабақты ұйымдастырудың дәстүрлі емес формалары.

18-тақырып. Сабақты талдау және өзіндік талдау – басқару объектісінің сапасы туралы жаңа білімді меңгеру әдісі.

19 - тақырып. Құзіреттілік тұрғыдан оқушының оқу әрекетінің нәтижесін бақылау және бағалаудың формалары.

20 - тақырып. Бақылаудың дидактикалық және тәрбиелік қызметі.

21 - тақырып. Оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау мен бағалаудың қазіргі формалары. Тесттік және рейтингтік бақылау.

22 - тақырып. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін мұғалімнің белсендіру шарттары мен құралдары.

23-тақырып. Оқушылардың шығармашылық танымдық іс-әрекеті.

24-тақырып. Оқушылардың жобалау-зерттеу іс-әрекеті және оның тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамытуға әсері.

25 -тақырып. Тұлғалық-бағдарлық білім беру - қазіргі білім беру парадигмасы.

26-тақырып. Оқушылардың ұжымдық-танымдық іс-әрекеті - тұтас педагогикалық үдерістегі ынтымақтастық технологиясы.

27-тақырып. Проблемалық оқыту технологиясы.

28-тақырып. Қазіргі мектептегі оқытудың ақпараттық және коммуникативтік технологиясы.

29-тақырып. Қазіргі мектептегі оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауын дамыту технологиясы. Диалогтық технологиялар.

30- тақырып. Мұғалімдердің өздігінен білім алу жұмыстары – олардың педагогикалық құзыреттілігін жетілдірудің негізі.

1-бөлім бойынша СӨЖ-дің үлгі тапсырмалары

1. Қазақстан Республикасындағы 12-жылдық орта білім беру тұжырымдамасын зерттеңіз. Қазақстандық 12-жылдық мектептің құрылымын көрсететін кесте құрыңыз.

2. Нормативті-құқықтық актілерді талдау негізінде Қазақстанда білім беру жүйесін модернизациялау бағытын анықтаңыз. Материалды кесте түрінде көрсетіңіз.

3. «Ы.Алтынсариннің педагогикалық іс-әрекеті» тақырыбына баяндама дайындау.

4. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі тәрбиенің негізгі бағыттарын айта отырып, конспект жазу.

5. ҚР-дағы білім беруді реформалауға бағытталған негізгі құжаттар көздерінің тізімін құрастыру.

6. Білім алу мен өздігінен білім алудың өзара байланысын талдап, өзара тәуелділігін сызбанұсқа түрінде көрсетіңіз.

7. Педагогикалық баспасөзден өздігінен білім алу туралы мақалаларды іріктеп, оның жоспарын, тезисін құрып, конспектін жазыңыз.

8. Өздігінен білім алу іс-әрекеті режимін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар құрастырыңыз.

2, 3 - бөлімдер бойынша СӨЖ-дің үлгі тапсырмалары

1. Педагогика пәнін әртүрлі тұрғыдан ашып көрсететін кесте құру. Дайындалған кесте бойынша өз ойыңызды дәйектеніңіз.
2. Тұлғаны дамыту, қалыптастыру факторларын ашып көрсететін жағдаяттарды таңдау және талдау.
3. Баспасөз беттерінен қазіргі жеткіншектер мәселесі туралы материалдарды таңдау.
4. Кіші мектеп жасындағы ұлдар мен қыздардың әлеуметтенуіндегі гендерлік айырмашылық туралы баяндама дайындау.
5. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениет деңгейін айқындау бойынша сауалнама даярлау.
6. Тұтас педагогикалық үдеріс мәселесі бойынша библиография құрастыру.
7. Әртүрлі авторлар жұмысында ұсынылған «педагогикалық үдеріс» ұғымының мазмұнын салыстыру. Ұғым мазмұны дамуының хронологиялық кестесін құру. Өз көзқарасыныңызды дәлелдеңіз.
8. ТПҮ-тің заңдылықтарынан мысал келтіру және анықтама беру.
9. Тәрбие үдерісінің формалары мен әдістері, құралдарының жүйесі.
10. Сыныпта социометриялық зерттеу жүргізу үшін сауалнама таңдау. Социограмма негізінде сыныптың тәрбие механизміне әсер етудің педагогикалық міндеттерін айқындау.
11. Оқушыларды (кіші, орта, жоғары мектеп жасындағы) әлеуметтендіру мазмұны мен механизмін анықтау.
12. Оқушы дүниетанымын қалыптастыруға өзіндік сызба-нұсқасын құру.
13. Өздігінен білім алу бағдарламасын дайындау.
14. Сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беру тақырыптарының үлгісін құрастыру (сыныпты таңдау бойынша).
15. Сынып оқушыларының ата-анасын педагогикалық ағарту бағдарламасын даярлау (таңдау бойынша).
16. Білім беру саласындағы нормативті құжаттарды талдауды дайындығыңыз (таңдау бойынша).
17. Жаңашыл педагогтар тәжірибесіндегі идеялар мен технологияларды ашып көрсету.
18. Дәстүрлі және инновациялық оқыту технологияларына салыстырмалы сипаттама беру.

19. Ұжымдық танымдық технологиясын пайдалану арқылы сабақтың жоспарын, үлгісін құру.
20. Өз пәні бойынша сабақта оқушыларды танымдық белсендіру мәселесін ашып көрсету.
21. Әр түрлі әдебиеттер бойынша (5 әдебиеттен кем болмау) мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігі анықтамасына талдау жасау.
22. Мұғалімнің коммуникативтік құзыреттілігін анықтау үшін диагностикалық құралдар дайындау.
23. Болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттіліктің құрамды бөліктерін анықтау.
24. Педагогикалық мәселелерді шешудегі мұғалімнің құзыреттілігінің мәнін Интернет-ресурстағы материалдарға таңдау жасау.
25. Қазіргі мектеп тәжірибесіне инновацияны енгізудің мақсаты, компоненттері мен алгоритмдерін анықтау.
26. Педагогтың жаңашылдығының негізгі сипаттамасын ашып көрсету.
27. Нақты тақырып бойынша оқушылардың білімі мен біліктілігін бақылау жүйесін дайындау.

1-аралық бақылауға арналған сұрақтар

1. Қазіргі әлемдегі білім берудің дамуындағы негізгі тенденциялар.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясаты. Білім беру саясатының қағидалары.
3. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі.
4. Қазіргі заманғы мектептегі инновациялық үрдістің мәні мен құрылымы. Қазақстан Республикасындағы 12-жылдық орта білім моделі.
5. Педагогикалық кәсіптің өзіндік ерекшелігі.
6. Педагогикалық іс-әрекет: оның мәні мен құнды сипаттамасы.
7. Көрнекті ғалымдар, олардың педагогикалық идеялары, теориялары.
8. Педагогтың қазіргі орта білім міндеттерін шешудегі және тұлғаны қалыптастырудағы рөлі.
9. Педагогикалық іс-әрекеттің инновациялық бағытылығы.
10. Қарым-қатынас – педагогикалық іс-әрекеттің негізі.
11. Педагогикалық этика және мұғалім әдебі – педагогикалық үдеріс субъектілері арасындағы өзара қатынастың негізі.
12. Педагогтың жалпы және кәсіби мәдениеті.
13. Мұғалімнің сөзіне қойылатын этикалық талаптар.
14. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі және оның құрылымы.
15. Үздіксіз білім беру – педагогтың кәсіби қажеттілігінің факторы.
16. Білім алу және өздігінен білім алудың өзара байланысы, олардың өзара тәуелділігі. Өз бетімен білім алу мәселесі.
17. Педагогтың өз бетімен білім алу іс-әрекетінің мәні.
18. Педагогикалық ғылымдар жүйесі.
19. Педагогика ғылымы және педагогикалық практика.

20. Қазіргі педагогиканың ұғымдық-терминологиялық аппараты.
21. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы және оның құрылымы.
22. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық негіздері мен әдістері.
23. Тұлғаның дамуына, қалыптасуына және әлеуметтенуіне әсер ететін факторлар.
24. Тұлғаның дамуына ортаның әсері.
25. Іс-әрекет – тұлғаны дамыту, қалыптастыру факторы.
26. Тұлғаның дамуының жастық ерекшеліктері.
27. Тұтас педагогикалық үдерістің (ТПҮ) мәні мен құрылымы.
28. Тәрбие үрдісінің мәні.
29. Тәрбие үрдісінің негізгі қарама-қайшылықтары, логикасы.
30. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру құралдары.
31. Қазіргі оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесі.
32. Оқушы жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мәселесі.
33. Тәрбиенің әдістері, тәсілдері мен құралдары ұғымдарының арақатынасы.
34. Тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері.
35. Жағымды тәжірибе мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру әдістері.
36. Мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру әдістері.
37. Бақылау мен өзіндік бақылаудың әдістері.
38. Өзін-өзі тәрбиелеу әдістері.
39. Білім алушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау өлшемдері.
40. Отбасы – бала тұлғасын әлеуметтендірудің факторы және белсенді субъектісі.

2-аралық бақылауға арналған сұрақтар

1. Оқыту үрдісінің білім парадигмасы мен қазіргі тәсілдері.
2. Оқыту үрдісіндегі сыртқы және ішкі заңдылықтар, олардың ерекшеліктері мен әрекеті.
3. Негізгі дидактикалық негізгі қағидалар және оларға сипаттама.
4. Білім мазмұны – педагогикалық бейімделген әлеуметтік тәжірибе және тұтас педагогикалық үдерістің компоненті.
5. Білім мазмұнының негізгі компоненттері.
6. Білім мазмұнын анықтайтын нормативті құжаттарға сипаттама.
7. ТПҮ-тегі оқыту құралдары.
8. Оқыту әдістерінің жіктелуі және сипаттамасы.
9. Оқытудың сөздік әдістері.
10. Оқытудың көрнекілік әдістері.
11. Оқытудың практикалық әдістері.
12. Оқытудың инновациялық интербелсенді әдістері.
13. Оқыту әдістерін таңдау мәселесі.
14. Функционалдық сауаттылық – тұлғаның білім нәтижесі және өмірдің әр түрлі саласындағы міндетерді шешуінің негізі
15. Қазіргі мектептегі оқытуды ұйымдастыру формалары.

16. Қазіргі мектептегі оқу жұмысын ұйымдастыру формаларына сипаттама.
17. Сабақ – тұтас жүйе және педагогикалық үрдістің логикалық аяқталған бөлігі.
18. Сабақтың типологиясы мен құрылымы.
19. Мұғалімді сабаққа дайындау жүйесі.
20. Сабақты талдау және өзіндік талдау – басқару объектісінің сапасы туралы жаңа білімді меңгеру әдісі
21. Ұғымдар: оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау, бағалау, белгілеу.
22. Үлгерім – оқушының оқу жетістігінің сипаттамасы.
23. Оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау мақсаты мен қағидалары.
24. Оқу әрекетінің нәтижесін бақылау және бағалау қызметтері.
25. Бақылаудың түрлері.
26. Оқу жұмысының нәтижесін бақылау және бағалау әдістерінің жүйесі.
27. Оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалаудың қазіргі формалары.
28. Оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетін мұғалімнің ұйымдастыруының шарттары мен құралдары.
29. Жаңашыл-педагогтар тәжірибесіндегі белсенді танымдық іс-әрекет идеясы мен технологиясы.
30. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендірудің дәстүрлі және қазіргі тәсілдері.
31. Педагогикалық технологиялардың түрлері.
32. Тұтас педагогикалық үдеріс теориясы – педагогикалық технологияларды пайдалнудың әдіснамалық негізі.
33. Тұлғалық-бағдарлық білім беру технологиясы.
34. Ұжымдық-танымдық іс-әрекет технологиясы.
35. Проблемалық оқыту технологиясы.
36. Оқытудың жобалау технологиясы.
37. Оқушылардың сыни ойлауын дамыту технологиясы.
38. Оқытудың белгі-контекст технологиясы.
39. Шығармашылық қабілеттерді дамытудың эвристикалық технологиясы (Арттехнология, ТРИЗ – технология, педагогикалық шеберлік технологиясы).
40. Қазіргі мектептегі ақпараттық және коммуникатік оқыту технологиясы.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Әбенбаев С., Әбиев Ж. Педагогика. Оқу құралы. –Астана: Фолиант, 2009. -336б.

2. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика: оқулық.-Алматы: «Nurpress», 2011.-228 с.
3. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби кұзыретті педагогтарды даярлау негіздері. Оқу кұралы. Алматы, 2009 ж. 240 бет.
4. Введение в педагогическую профессию: Учебное пособие для студентов пед. специальностей./ Хан Н.Н., Калиева С.И., Жексенбаева У.Б., Колумбаева Ш.Ж., Калиева Г.И., Берикханова А.Е./ - Алматы,2010 – 243 с.
5. Загвязинский В.И. Методология и методы психолого- педагогического исследования. – М.: Издат. центр «Академия», 2001. – 208 с.
6. Загвязинский В.И. Общая педагогика. Гриф УМО МО РФ: Учебное пособие.- Изд. Высшая школа, 2008.- 391с.
7. Зимняя И.А. Ключевые компетенции –новая парадигма результатов образования // Высшее образование сегодня.-2003,№5,С.34-42.
8. Коджаспирова Г.М. Педагогика: учебник.- М.КНОРУС, 2010.- 744с.
9. Коркина В.И. Дидактика. В схемах и таблицах. - Караганда, 2004 - 209 с.
- 10.Краевский В.В. Методология педагогики: новый этап: Учеб. пособие для студентов высш. учеб. заведений / В.В. Краевский, Е.В. Бережнова. – М.: Академия, 2006.
- 11.Мынбаева А.К, Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или Как интересно переподать. Алматы, 2009 - С.341
- 12.Педагогика: Учебник. – Алматы: Print-S, 2005.-364 с.
- 13.Подласый И.П. Педагогика. Учебник для бакалавров. Гриф УМО: Юрайт, 2012.- 574с.
- 14.Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: в 1-х т. - М.:НИИ школьных технологий,2006- 816с.
- 15.Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса: учебное пособие. - Алматы, КазНПУ им.Абая, 2008. – 176 с.
- 16.Школьная педагогика: Учебник /Под ред. Г.Т.Хайруллина.- Алматы: изд. «МИР», 2012.- 640с.

Қосымша әдебиеттер

1. Аубакирова Р.Ж. Педагогикалық зерттеу әдістемесі: оқу кұралы.- Астана: Фолиант, 2008.-128 б.
2. Ахметова Г.К., т.б. Педагогика: Оқулық-Алматы: Қазақ университеті, 2006. -217 б.
3. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу кұралы- Алматы: Қазақ университеті, 2008.
4. Бабаев С.Б., Жұмадиллаева А.А. Көрнекі педагогика.-Алматы, 2008.- 68 б.

5. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы. Оқулық.-Алматы, 2010.
6. Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері: оқу құралы-А.: Таймас, 2008.-448 б.
7. Дайрабаев Е.Б. Педагогика пәнінің негіздері: оқу құралы-Алматы, 2005. -222б.
8. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Педагогика және психология.-Алматы: Рауан, 2002.-288 б.
9. Құсайынов А.Қ. Салыстырмалы педагогика : әдіснамасы мен әдістері.- Алматы, 2008.
10. Kosherbayeva A (and oth.). Theory and practice of cognitive activity formation of future specialists. Collective monograph- Vienna, 2015
- 11.
12. Коркина В.И. Дидактика в схемах и таблицах: Уч.пособие.- Караганда: Изд-во КарГУ, 2004. - 221с.
13. Краевский В. В. Общие основы педагогики. Гриф МО РФ.- Учебное пособие.- Изд. «Академия», 2008. -256 с.
14. Лихачев Б.Т. Философия воспитания: спецкурс.- М.: ВЛАДОС, 2010.- 335с./ Педагогическое наследие/
15. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения: Учебное пособие. 2-изд., доп.- Алматы, 2012.- 228с.
16. Мұсаева С.А. Жас ерекшелік педагогикасы: оқулық.-Астана: Фолиант., 2006.-472 б.
17. Өстеміров К., Шәметов Р. Кәсіптік педагогика: оқулық.-Алматы, 2006.- 280 б.
18. Педагогический энциклопедический словарь. Золотой фонд. Энциклопедия- Изд. «Дрофа», 2009-528 с.
19. Пискунова А.И., Баркова Н.Н. и др. Хрестоматия по истории педагогики: В 3т.- Изд.: Сфера, 2006.- 512с.
20. Самыгин С.И., Столяренко Л.Д. Психология и педагогика. Адаптированный курс для бакалавров.- Изд.: КНОРУС, 2012.- 480с.
21. Подласый, И. П. Педагогика в 2 т.: учебник для академического бакалавриата. / И. П. Подласый. – М.: Издательство Юрайт, 2015.
22. Мижериков В.А., Юзефовичус Т.А. Введение в педагогическую деятельность: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений. — М.: Педагогическое общество России, 2005. — 352 с.
23. Таубаева Т.Ш. Методология и методика педагогического исследования. В помощь начинающему исследователю. – Астана: РНПЦ «Дарын», 2009.-244с.
24. Хан Н.Н. Научно-практические основы сотрудничества и его реализация в педагогическом процессе школы – Алматы, 2000. -96 с.

- 25.Хуторской А.В. Педагогическая инноватика: Учебное пособие- М.: Академия, 2010.-254 с.
- 26.Хуторский А.Ключевые компетенции как компонент личностно – ориентированного образования // Народное образования 2003,№2, с.58-64.
- 27.Чернилевский Д.В. Дидактические технологии в высшей школе.- М.:ЮНИТИ-ДАНА,2002
- 28.Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства: Учебное пособие.- Оренбург: ОГУ,2005.- 230с.

Интернет-ресурсы:

- 1.<http://www.mailcleanerplus.com/profit/elbib/obrlib.php> – электронды кітапхана «Педагогика және білім беру»
2. www.livejournal.ru/communities/23 - «Педагогика және тәрбие» журналы

Нормативті құжаттар:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заң. - Астана: Ақорда, 2007. – №319-III ҚРЗ.www.edu.gov.kz.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2016.

Құрастырғандар:

Жампеисова К.К.- п.ғ.д. профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

Хан Н.Н. - п.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

Колумбаева Ш.Ж. - п.ғ.к., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

Кошербаева А.Н. - п.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

Psi 2203 Психология

«Білім» тобындағы мамандықтар үшін

3 кредит

Алматы, 2016

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Ахтаева Н.С. - психол.ғ.д., профессор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ақжанова А.Т. – психол.ғ.д., профессор Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

Педагогикалық университет студенттерінің психологиялық білімдері болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен олардың мектепте жұмыс істеуіне психологиялық даярлығын қалыптастырады. Психологияны жүйелі зерттеу – кәсіби-педагогикалық білім алудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазіргі уақытта адам және білім беру жөніндегі ғылымдардың маңыздылығы артуда. Қоғамдық өмірдің түрлі салаларын психологияландыру белсенді жүріп жатыр.

Психологиялық құзыреттілікті кеңейту мен тереңдету болашақ мұғалімнің тұлғалық өсуінің, оның тұлғалық шығармашылық күш-қуаты ашылуының қажетті алғышарты болып табылады.

Аталмыш оқу пәні педагогикалық мамандықтар студенттерінің психикалық құбылыстар, олардың дамуы мен қызмет ету ерекшеліктері жөнінде тұтас түсініктерін қалыптастырады.

«Психология» курсы студенттердің психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру негізінде олардың психологиялық ойлауын дамытуды, сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің психологиялық даярлығын күшейтуге мүмкіндік беретін теориялық және практикалық білімдермен қаруландыруды мақсат етіп қояды.

Пәннің міндеттері:

- 1) психологиялық құбылыстардың заңдылықтары негізінде психологияның әр салалары бойынша студенттерде білімдерді жүйелендіру;
- 2) әртүрлі психологиялық фактілер мен теорияларды жүйелі-психологиялық талдау үрдісінде студенттерде танымдық дағдылар мен ептіліктерді дамыту.

Курстың пререквизиттері: “Психология” курсы менгеру алдында студенттер “Философия”, “Педагогика”, “Физиология” пәндерімен таныс болуы қажет.

Постреквизиттер: Студенттердің барлық оқу үрдісі “Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі”, “Әлеуметтік психология”, “Жас ерекшелік психологиясы”, “Педагогикалық психология”, “Психология тарихы” және көптеген басқаларыда психологияның негізгі принциптері мен жағдайларына сүйенеді.

Пәнді меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар:

Пәнді оқытуда қалыптастырылатын құзыреттіліктер

«Психология» пәні болашақ мұғалімдердің кәсіби сана-сезімін олардың психологиялық мәдениетін дамыту негізінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Студенттер психологияның қазіргі күйі жөніндегі білімдерді, адам психикасын сипаттайтын ұғымдық аппаратты меңгеруі қажет, сонымен қатар психология бойынша теориялық білімдерді кәсіби педагогикалық іс-

әрекетте қолдана алу, педагогикалық жағдаяттарды психологиялық білімдер тұрғысынан талдай алу, соған байланысты білім беру процесін, өз кәсіби іс-әрекетін және өзін-өзі дамытуын құра алу іскерліктерін меңгеруі қажет.

«Психология» пәнін оқу негізінде студент **білуі керек:**

- психологияның ғылымдар жүйесіндегі орны мен маңыздылығын;
- психических танымдық процестер мен күйлер дамуының негізгі заңдылықтарын;
- тұлға дамуының негізгі теорияларын;
- іс-әрекет және қарым-қатынас дамуының ерекшеліктерін;
- тұлғаның жекедара-типтік қасиеттері мен ерекшеліктері, іс-әрекетті реттеу механизмдерін.

іскерліктері болуы керек:

- кәсіби міндеттерді шешу үшін оқушылар мен сынып ұжымдарының психологиялық ерекшеліктерін зерттеу;
- оқу-тәрбие үрдісін жобалауда тұлғаның жекедара-психологиялық ерекшеліктерін ескеру.

дағдыларды меңгеруі қажет:

- оқыту мен тәрбиелеуде тұлға дамуының психологиялық заңдылықтары жөніндегі білімдерді қолдану;
- тиімді кәсіби педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыру.

Курстың көлемі "Психология" пәнін оқыту көлемі - «Білім» тобындағы барлық мамандықтар үшін типтік оқыту бағдарламаларына сәйкес дәрістік, семинар сабақтары, студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) және студенттің оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысын қосқанда (СОӨЖ) – 3 кредит, яғни 135 сағатты құрайды. Курс соңынан тест түрінде емтихан өткізіледі.

Пәннің тақырыптық жоспары

№	Тақырыптардың атауы
1	Психологияның пәні, міндеттері және әдістері
2	Психика және сана
3	Іс-әрекеттің психологиялық сипаттамасы
4	Психологиядағы тұлға мәселесі
5	Танымдық процестер. Түйсік
6	Қабылдау
7	Зейін және ес
8	Ойлау және қиял
14. Мектепшілік басқару жүйесі ұйымдастырудың құрылымы және іс-әрекеті ретінде.
15. Басқару жүйесінің дамуы және қызметінің шарттары мен қағидалары. Басқару жүйесінің басты мақсаты мен міндеттері. Мектептегі моральды-психологиялық ахуал.
16. Басқарудың басты қағидалары. Горизонтальды және вертикальды еңбек бөлінісі.
17. Басқарудың формалары.
18. Педагогикалық кеңес, оның мақсаты мен міндеттері, қызметтері мен мүмкіндіктері
19. Жобалау, ұйымдастыру, бақылау, түзету және жинақтау, ақпараттарды талдау, міндеттерді қою және мотивация.
20. Мектеп басқаруда технологиялық қадамның маңызы. Басқару жүйесінің моделін құрастыруға қойылатын талаптар
21. Коммуникация түрлері: ішкі және сыртқы, формальды емес, вербальды және вербальды емес.
22. Педагогикалық менеджменттің коммуникативтік компоненті.

23. Коммуникациялық үдерістің басшысы ретінде мұғалімнің рөлі.
24. Басқарушылық қарым-қатынас, оның түрлері.
25. Жалпы этикалық принциптері және іскерлік қарым-қатынас сипаты.
26. Педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынас ерекшеліктері.
27. Педагогикалық менеджмент субъектілерінің өзара әрекеттесу стилі.
28. Басқару этикасы: ұғымы, принциптері мен мәні.
29. Дұрыс коммуникацияға кедергі келтіретін себептердің сипаттамасы.
30. Тиімді педагогикалық қарым-қатынас тәсілдері мен принциптері.
31. Тиімді коммуникация ережелері.
32. Мектептің педагогикалық ұжымында оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың ерекшеліктері
33. Педагогикалық ұжымда тұлғаны қалыптастыру мен дамытудағы басқарудың сәттілігі
34. Басқарудың негізгі элементтерінің сипаттамасы: Адами ресурстар, білім беру үдерісі, құралдары мен мақсаты.
35. Кәсіби білім беру іс-әрекетіндегі қақтығыстары (кикілжің) және оларды басқарудың ерекшеліктері.
36. Қақтығыстардың пайда болуында жеке тұлғаның дара-психологиялық ерекшеліктерінің рөлі.
37. Қақтығыстардың құрылымы мен қызметі және оған сипаттама.
38. Педагогикалық ұжымдағы қақтығыстарды басқарудың ерекшеліктері. және оны болжау, алдын-ала ескерту және шешу.
39. Білім беру үдерісінде менеджердің көшбасылық сапалары.
40. Педагогикалық үдерісте менеджердің көшбасылық сапаларын қалыптастырудың шарттары.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Гончаров М.А. Методологические основы менеджмента в сфере образования // Знание. Понимание. Учение -2009 — №1, С. – 174-178
2. Борытко, Н. М. Управление образовательными системами: Учебник для студентов педагогических вузов / Н. М. Борытко, И. А. Соловцова; Под ред. Н.М. Борытко. — Волгоград: Изд-во ВГИПК РО, 2006.— 48 с. (Сер. «Гуманитарная педагогика». Вып. 4). ISBN 5-7087-0040-8.
3. Шамова Т.И. Управление образовательными системами: учеб.пособие для студентов вузов, обучающихся спец. "Педагогика и психология", "Педагогика" / Т. И. Шамова, Т. М. Давыденко, Г. Н. Шибанова. – М.: Academia, 2007. – 385 с.
4. Симонов В.П. Педагогический менеджмент: НОУ-ХАУ в образовании [Текст]: учеб.пособие / В.П. Симонов. – М.: Высшее образование: Юрайт, 2009. – 357 с.

5. Солнцева Н.В. Управление в педагогической деятельности: учебное пособие.- М.: Флинта, 2012.-115 с. // ЭБС «Книгафонд» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.knigafond.ru>

6. Баярыстанова Э.Т. Білімдегі менеджмент негіздері: Оқу құралы. Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау. 2010. 87 бет.

7. Паньшина Т. В. Айтпаева Ж.Ж. Педагогикалық менеджмент. Оқулық - Алматы, 2012. 6. Селезнева Е.В. Лидерство: учебник и практикум для академического бакалавриата М. : Издательство Юрайт, 2015. — 429 с.

8. Исламгулова С.К. Управление развитием школы: технологический аспект. Учебно-методическое пособие. – Алматы: ИК ПКСО, 2010. – 300 с.

9. Лазарев В.С. Управление инновациями в школе. Учебное пособие – М., Центр педагогического образования, 2008.–352 с.

10. Конфликтология. Учебное пособие. Сост. Буртовая Е.В.-М, 2002

11. Лаврентьева Н.Б., Нечаева А.В. Педагогическая этика: Учебное пособие. - Барнаул: Изд-во АлтГТУ, 2010. – 155с.

12. Моисеев А.М., Моисеева О.М. Основы стратегического управления школой: учебное пособие. – М.: Центр педагогич. образования, 2008. – 256 с.

13. Эффективные технологии управления инновациями / авт.-сост. Н. М. Борытко, О. Л. И др. – Волгоград : Учитель, 2015. – 161 с.

14. Цветков В.Л. Психология конфликта. От теории к практике: учебник пособие для студентов вузов.-М, Изд. Юнита-Дана, 2013 г.-813с.

15. Баймолдаев Т.М., Безруков В.И., Носков И.А., Соловова Н.А. Педагогический менеджмент и управление развитием образования. Коллективная монография / Т.М. Баймолдаев, В.И. Безруков, И.А. Носков, Н.А. Соловова - Алматы-Самара, 2007. - 466 с.

16. Баймолдаев Т.М., Безруков В.И., Носков И.А. Научное управление развитием школы. – Алматы-Самара, 2007. – 186с.

Қосымша әдебиеттер

1. Есполов Т.И., Сулейменов Ж.Ж. Менеджмент. – Алматы, 2003.

2. Рахымбаев А.Б., Сабатаева Б.О., Бельгибаев А.Қ. «Менеджмент». – «Нұр-пресс», Алматы: 2006. – 164 бет.

3. Гапонцева М. Г., Гапонцев В. Л., Федоров В. А. Синергетика в педагогике: целесообразность переноса [Электрон. ресурс] // Образование и наука. 2008. № 9 (57). С. 100–109. Режим доступа: <http://edscience.ru/sites/default/files/2008/2008-9.pdf>.

4. Гришина Н.В. Психология конфликта –М., 2008

5. Евдокимова М. В. Портрет менеджера образования [Электрон. ресурс] // Совместный Европейский проект Темпус IV «Сетевое взаимодействие университетов-партнеров в реализации многоуровневой системы подготовки и повышения квалификации специалистов в области образовательного менеджмента». Режим доступа: <http://tempus.novsu.ru/mod/resource/view.php?id=38>.

6. Любченко О. И., Карпова С. И. Моделирование системы управления современной общеобразовательной школой с позиции системного подхода [Электрон. ресурс] // Вестник Тамбовского государственного университета. Серия: Гуманитарные науки. 2012. Вып. 7 (111). С. 197–203. Режим доступа: <http://elibrary.ru/download/90257546.pdf>.
7. Шамова Т.И., Третьяков П.И., Капустин Н.П. Управление образовательными системами / под ред. Т.И. Шамовой. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2002. – 320 с
8. Культурно-образовательная среда школы: открытие новых смыслов. Разработка и реализация инновационного проекта, экспертиза инновационной деятельности. Мет. Инструм. в электр.прилож. / Е. И. Фастова, О. Л. Иванова, Л. Н. Бобровская; науч. ред. д-р пед. наук И. В. Власюк. – Волгоград : Учитель, 2015. – 88 с.
9. Педагогическая технология формирования коллектива –Киев, 2013
10. Чернышев А.С Психологическая школа молодежных лидеров.- М, 2005. -272 с. изд., стер. М., 2010. С.106.
11. Мишаткина Т.В. Педагогическая этика: Учеб. пособие. Ростов н/Д.; Минск, 2004. С.59-60.
12. Психология и этика делового общения / Под ред. В. Н. Лавриненко. М., 1997.
13. Дункан Джек У. Основопологающие идеи в менеджменте. Уроки основоположников менеджмента и управленческой практики / пер. с англ. – М.: Дело, 1996. – 272 с.
14. John B. Miner, The Management Process, 2nd ed. New York: Mamillan, 1978. – 559 p/
15. Iskrin N.S., Chichkanova T.A. THE SYSTEMATIC APPROACH TO MANAGEMENT IN EDUCATION. *The Education and science journal*. 2015;1(1):7-21. (In Russ.) DOI:10.17853/1994-5639-2015-1-7-21
16. Dennis Garland , Krista Vince Garland , and Eleazar Vasquez. Management of classroom behaviors: Perceived readiness of education interns // *Journal of the Scholarship of Teaching and Learning*, Vol. 13, No. 2, May 2013, pp. 133 – 147. <http://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1011653.pdf>

Нормативтік құжаттар:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан 2007ж., 27 шілде.
2. Қазақстан Республикасының 2016-2019жж. арналған Білім беруді дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасы - Астана. 2016

Бағдарлама құрастырушылары:

Жампеисова К.К.- п.ғ. д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ
 Кошербаева А.Н. – п. ғ. д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ
 Колумбаева Ш.Ж. – п. ғ. к., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ІВВ 3208 Инклюзивті білім беру

«Білім» тобындағы мамандықтар үшін

2 кредит

Алматы, 2016

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Рсалдинова А. Қ - п.ғ.к., доцент ҚРББЖКБАРИ Педагогика және инклюзивті білім беру кафедрасының меңгерушісі

Сатова А.К. - психол.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Републикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

Гуманизацияның қоғамдағы қажетті шарты - инклюзивті білім беру болып табылады.

Инклюзивті білім беру барлық балалар әртүрлі оқытуды қажет ететін тұлға болып табылады деген ұстанымға бағытталған әдіснаманы дамытуға ұмтылады. Білім беруде түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыратын үйрету мен сабақ беру тәсілінің ұтымдысын өңдеп шығаруға инклюзивті білім беру бар күшін салуда. Егер оқыту тиімдірек болса, онда ол бүкіл балаларға оңтайлы жағдайлар туындар еді.

Қазақстанда инклюзивті білім берудің алғашқы қадамдары жасалып жатыр. Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту 2011-2020 жылдардағы ҚР Мемлекеттік білім беру бағдарламасының басым бағытының бірі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген.

Олай болса, инклюзия – кез-келген тұлғалардың білім беру ұйымдарында білім алуын қамтамасыз ететін, бүкіл оқушылардың баламалы мақсаттары қойылған оқу үрдісін қалыптастыратын, әр оқушыны қолдауға, мейлінше әлеуетін ашуға арналған түрлі кедергілерді жоюға бағытталған үрдіс.

Пәннің негізгі мақсаты – инклюзивті білім берудің қағидаларымен және философиялық, әдіснамалық негіздері туралы түсініктерін қатыптастыру, инклюзивті білім берудің құқықтық-нормативтік қамтамасыздандыруда кездесіп отырған кедергілерін жою, ерекше қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық қолдауға байланысты заманауи моделдері туралы түсініктері мен инклюзивті тәжірибе аймағында ұйымдастыру мен басқару құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Пәннің негізгі міндеттері:

1. Студенттерге инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базаларымен және философиялық, әдіснамалық негіздерін ұғындыру,
2. Инклюзивті тәжірибені ұйымдастыру мен жобалау аумағында студенттердің кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейін көтеру,
3. Инклюзивті тәжірибе жағдайында білім беру ұйымдарының әдістемелік, басқару жұмыстарымен таныстыру
4. Инклюзивті білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету моделдері туралы түсініктер қалыптастыру,
5. Инклюзивті білім беру ұйымдарындағы білім беру процесіндегі мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу ерекшеліктерін ұғындыру.
6. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беруге біріктіру туралы ғылыми-практикалық көзқарастарын қарастыру;
7. Курс бойынша теориялық және практикалық материалдарды қабылдау және түсінуге қажетті негізгі ұғымдық аппаратын меңгерту.

Пәнді меңгеру нәтижесіне қойылатын талаптар:

«Инклюзивті білім беру» пәні оқу үрдісінде пәндік құзыреттіліктерді дамыту мен қалыптастыруға бағытталады:

Пәнді оқу барысында студент **білуі** керек:

- инклюзивті білім берудің философиясын, әдіснамалық негіздері мен нормативтік-құқықтық базасын;
- инклюзивті тәжірибені ұйымдары мен жобалау аймағындағы басқару құзыреттілігін;
- инклюзивті білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларға
- философия, әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің заманауи моделдерін;
- білім беру ұйымдарындағы инклюзивті үрдіске мамандардың пәнаралық қызметінің моделі туралы;
- жалпы білім беру үрдісіне мүмкіндігі шектеулі балаларды қосудың әртүрлі мәселелерінің жолдары;

Іскерлікке ие болуы:

- балалар мен мүгедектердің құқықтары туралы отандық және халықаралық негізгі тәрбиелерді қолдануы;
- жеке психикалық және психофизиологиялық даму ерекшеліктері мен жалпы, арнайы (бұзылыстардың түрлі типтері бойынша) заңдылықтарын ескеруі;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың түзету-педагогикалық іс-әрекетінің технологиясы мен теориялық білімдері негіздерін қолдануы;
- білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдары жағдайында әртүрлі бұзылыстары бар балаларды тәрбиенің түрлі стратегиялық мүмкіндіктеріне сай және саналы бағалай алуы;

меңгеруі:

- балалардың түрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыру қабілетін;
- сыни тұрғыда ойлау әдістерін;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың жүйке-психикалы және дене даму ерекшеліктерін бағалау мен бақылау, дамудағы ауытқуларды анықтау технологиялары мен теориялық негіздерін;
- мемлекеттік әлеуметтік саясат қағидаларын түсіндіруде қалыптасқан медициналық-психологиялық-әлеуметтік жұмыстарды болжау мен моделдеу технологияларын және теориялық негіздерін;
- мүмкіндігі шектеулі балаларды отбасымен және басқа мамандармен педагогикалық ынтымақтастықты ұйымдастыру іскерлігін;
- күнделікті өмірде қолданылатын дағдылар мен оларды жетілдіретін танымдық іс-әрекеттерді, әлеуметтік маңызы бар іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруды, мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту әдістерін.

Пререквизиттер: «Педагогика», «Психология», «Білім берудегі менеджмент», «Оқушылардың даму физиологиясы», «Арнайы педагогика».

Постреквизиттер: «Кәсіби бағдарланған шетел тілі» және т.б.

Оқу жоспарына сәйкес «Инклюзивті білім беру» пәні негізгі пәндердің бірі болып табылады және 5В010500 «Дефектология» мамандығының 3 курс студенттеріне оқытылады.

Аталған курсқа 2 кредит берілген (90 сағат), оның ішінде:

- 15 сағат – дәрістер;
- 15 сағат – семинарлар;
- 30 сағат – оқытушылардың басшылығымен өздік жұмыс (СОӨЖ);
- 30 сағат – студенттердің өздік жұмысы (СӨЖ).

Күтілетін нәтижелер

Бұл курстың аяғына қарай студенттер:

1. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру шарттарын сипаттай алатын болады.
2. Жалпы білім беруде мүмкіндігі шектеулі баланың психолого-педагогикалық сүйемелдеуінің қажеттілігін түсіндіре алатын болады.
3. Инклюзивті білім беруді қамтамасыз етудің тиімді шарттарына талдау жасай алатын болады.
4. Мүмкіндігі шектеулі балалардың көпнұсқалы білім беру жүйесін жоспарлай алатын болады.
5. Арнайы және жалпы білім берудің өзара әрекеттесудің түрлі нұсқаларын талдай алатын болады.

2. Оқу уақытының дәріс және семинар сабақтарына бөліну үлгісі

№	Пән тақырыптарының аталуы	Барлығы (с.)	Аудиториялық сабақтар		Өзіндік жұмыстар	
			Дәріс (ч.)	Сем. (ч.)	СОӨЖ	СӨЖ
1	Инклюзивті білім беру моделі	16	2	2	6	6
2	Мүмкіндігі шектеулі түрлі категориядағы балаларға инклюзивті білім беру жағдайлары	24	6	6	6	6
2.1.	Сенсорлық бұзылысы бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу					
2.2.	Тірек-қимыл аппараты зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу					
2.3.	Зияты зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу					
2.4.	Эмоционалды-ерік сферасы зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу					
2.5.	Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жалпы білім беру үрдісіне қосудың вариативті формалары					
3	Жалпы білім беру ұйымдарындағы инклюзивті үрдістің құқықтық негіздері (Халықаралық және отандық нормативті-құқықтық актілер).	16	2	2	6	6
4	Интеграциялық оқыту жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру	18	3	3	6	6
5	Білім берудегі инклюзивті үрдісті басқару	16	2	2	6	6
	Барлығы	90	15	15	30	30

3. Пәннің мазмұны

1 Тақырып. Инклюзивті білім беру моделі

Инклюзивті білім берудің критерийлері мен көрсеткіштері, компоненттері.

Инклюзивті білім берудің субъектісі: педагогтар, ата-аналар, оқушылар, БАҚ өкілдері, басқару органдары, қоғамдастық және т.б. Инклюзивті үрдістегі толеранттық субъектілері. Инклюзивті білім беруді қалыптастырудағы мәліметтер жүйесі. Инклюзивті білім беру режимінде жұмыс істейтін мамандарды даярлау.

Инклюзивті кеңістік құруға арналған педагогикалық жағдайлар. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту басты артықшылық ретінде. Педагог ұжымының даярлығы инклюзивті ұйымдардың мүмкіндігіне жағдай жасау ретінде. «Ерекше» балаларды білім беру кеңістігіне қосудың даярлық этаптары.

Нормативті-құқықтық қамтамасыз ету: инклюзивті білім беру үрдісін реттейтін нормативті материалдар.

Ведомствоаралық қарым-қатынас: қоғамдық бірлестіктер, басқа да ведомствоаралық ұйымдармен қарым-қатынас, БАҚ және т.б.

Әдістемелік қамтамасыз етілу мен материалдық-техникалық ресурстар. Ақпараттық қамтамасыз ету.

Ұйымдастыру-мазмұндық және бағалау компоненттері (мониторинг).

2 Тақырып. Мүмкіндігі шектеулі түрлі категориядағы балаларға инклюзивті білім беру жағдайлары

Сенсорлық бұзылысы бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу. Жалпы білім беру ұйымдарындағы түзету ортасы. Компенсаторлық техникалық құралдар. Түзете көмек көрсету. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету топтарының оқу жоспары. Педагог қызметкерлерінің құзыреттілігі. Білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен балалармен және ата-аналармен жұмыс.

Зияты зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу. Жалпы білім беру ұйымдарындағы түзету ортасы. Компенсаторлық техникалық құралдар. Түзете көмек көрсету. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету топтарының оқу жоспары. Білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен, балалармен және ата-аналармен жұмыс.

Эмоционалды-ерік сферасы зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу. Жалпы білім беру ұйымдарындағы түзету ортасы. Компенсаторлық техникалық құралдар. Түзете көмек көрсету. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету топтарының оқу жоспары. Білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен, балалармен және ата-аналармен жұмыс.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жалпы білім беру үрдісіне қосудың вариативті формалары. Қашықтықтан оқыту.

3 Тақырып. Жалпы білім беру ұйымдарындағы инклюзивті үрдістің құқықтық негіздері (Халықаралық және отандық нормативті-құқықтық актілер).

ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, БҰҰ актілері.

ҚР Заңдары. ҚР 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.

Қазақстан Республикасында 2012-2018 жылдарға мүгедектердің өмірлік жағдайларын жақсарту мен қамтамасыз етуге арналған ұлттық жоспардың іс-шаралары.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (2012). Орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты (2012).

Жалпыға міндетті мектепке дейінгі және мектептегі ұйымдардың білім беру бағдарламалары. Жалпыға міндетті мектепке дейінгі және мектептегі ұйымдардың арнайы білім беру бағдарламалары.

ҚР Үкіметінің ережелері. ҚР БжҒМ бұйрықтары. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтары.

4 Тақырып. Интеграциялық оқыту жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру

Жалпы білім беру мектептерінде мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Қолдау көрсетуші топтардың қызмет жағдайлары. Қолдау көрсетуші топтар мүшелерінің қызметтік міндеттері. Жұмыс бағыттары. Жоспарлау, құжаттар.

Жалпы типтегі балабақшалардың мүмкіндігі шектеулі балаларына психология-педагогикалық қолдау көрсету. Қолдау көрсетуші топтардың қызмет жағдайлары. Қолдау көрсетуші топтар мүшелерінің қызметтік міндеттері. Жұмыс бағыттары. Жоспарлау, құжаттар.

Педагогтардың, серіктестер мен ата-аналардың көпсалалы бірлескен жұмыстары. Оқытушылар мен мамандардың функционалдық міндеттері.

Психология-медицина-педагогикалық консилиумның (ПМПк) қызметін ұйымдастыру.

Интеграциялық оқытуда жайлы білім беру ортасын құру. «Білім беру ортасы», «түзету ортасы», «пәндік-дамыту ортасы» ұғымдарының мәні. Инклюзивті сыныптардағы түзету-білім беру ортасын моделдеу ерекшеліктері.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен, олардың ата-аналарымен, оқушылармен жүргізілетін жұмыстар. Оқыту мен тәрбиелеу процесінде студенттер мен оқытушылар арасындағы өзара қарым-қатынастың негізгі қайшылықтары. Инклюзивті тәжірибе жағдайында ата-аналар мен

мұғалімдер арасындағы қарым-қатынас қайшылықтары. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері мен формалары. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу сұрақтары бойынша ата-аналарға кеңес беру.

5 Тақырып. Білім берудегі инклюзивті үрдісті басқару.

Педагогикалық жобалау көп функциялы білім беру қызметінің ерекше түрі ретінде. Тұрғылықты мекендер мен аймақтарда мүмкіндігі шектеулі балаларға қолжетімді білім беру жағдайларын қайта жандандыру немесе жаңаша құрастыру.

Инклюзивті білім саясатын жүзеге асыру үшін облыс ресурстарын есепке алу. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосуды ұйымдастыруға арналған тұрғылықты мекендер мен аумақтардағы дерек көздерінің сандық енгізілуі.

Ұлттық және аймақтық деңгейде инклюзивті білім беру жүйесін қаржыландыру. Жан басына қаржыландыру негізінде бюджеттік оқу орнын есептеу.

Жалпы білім беру мектептерінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізетін мамандарды даярлау: мұғалімдер, тәрбиешілер, мұғалім-дефектологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтар; мектептің, балабақшалардың әкімшілігі; жергілікті білім беру органдары өкілдері.

Инклюзивті тәжірибедегі педагогикалық техника.

Инклюзивті білім беру жағдайында оқу орнын басқару. Оқу процесіне мүгедек балаларды қамтуды ұйымдастыру дайындық деңгейін зерттеу және талдау мақсаттары мен міндеттерін таңдау. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған сапалы білім қамтамасыз ету үшін студент және оқытушы командалардың жоспарлау жүйесі мен ұйымдастыру. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оқыту мен білім беруді жетілдірудің үздік тәсілдерін таңдау.

Инклюзивті процестердің тиімділігін талдау құралы ретінде мониторинг технологиясы. Инклюзивті үрдістің критерийлері мен көрсеткіштері.

4. Семинар сабақтардың тақырыптар тізімі

1. Инклюзивті білім беру моделі.
2. Инклюзивті кеңістік құруға арналған педагогикалық шарттар
3. Ұйымдастыру-мазмұндық және бағалау компоненттері (мониторинг)
4. Мүмкіндігі шектеулі түрлі категориядағы балаларға инклюзивті білім беру жағдайлары
5. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жалпы білім беру үрдісіне қосудың вариативті формалары
6. Жалпы білім беру ұйымдарындағы инклюзивті үрдістің құқықтық негіздері (Халықаралық және отандық нормативті-құқықтық актілер).

7. Интеграциялық оқыту жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру
8. Психология-медицина-педагогикалық консилиумның (ПМПк) қызметін ұйымдастыру
9. Білім берудегі инклюзивті үрдісті басқару
10. Педагогикалық жобалау көп функциялы білім беру қызметінің ерекше түрі ретінде.
11. Инклюзивті білім беру жүйесін қаржыландыру
12. Жалпы білім беру мектептерінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізетін мамандарды даярлау
13. Инклюзивті тәжірибедегі педагогикалық техника
14. Инклюзивті білім беру жағдайында оқу орнын басқару
15. Инклюзивті үрдістің тиімділігіне талдау жасау құралы ретіндегі мониторинг технологиясы

5. Студенттердің оқытушының басшылығымен (СОБЖ) және өздері орындайтын өздік жұмыстарға (СӨЖ) арналған тақырыптар тізімі

1. Аталған курс бойынша терминдік сөздік құрастыру
2. Аталған курс бойынша арнайы әдебиеттер каталогын құрастыру
3. «Инклюзивті білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық базасы» бойынша ақпараттық жинақ құрастыру.
4. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына кеңес беруге арналған ақпараттық материалдарды құрастыру
5. Қалыпты балалардың ата-аналарына кеңес беруге арналған ақпараттық материалдарды құрастыру.
6. Жалпы білім беру ұйымдарының педагогтарына кеңес беруге арналған ақпараттық материалдарды құрастыру
7. Аталған курс бойынша мақалаға талдау жасау
8. Жалпы білім беру ұйымдарындағы (ақпараттық жинақ) мүмкіндігі шектеулі балаларға психология-педагогикалық қолдау көрсету
9. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметке қосу (презентация, хабарландыру)
10. «Шетелдердегі инклюзивті білім беру», «Түзете-тәрбиелеу үрдісіндегі инновация», «Қазіргі әлемдегі инклюзивті білім беру жағдайы» тақырыптары бойынша реферат жазу.

6. Курстық жұмыстардың тақырыптары

1. Инклюзивті білім беру жағдайында тірек-қимыл аппараты зақымдалған мектепке дейінгі мектеп оқушыларына көмек көрсету
2. Дамуы зақымдалған төменгі сынып оқушыларына математиканы оқыту (бір бұзылыс түрі бойынша)

3. Дамуы зақымдалған төменгі сынып оқушыларына орыс тілін оқыту (бір бұзылыс түрі бойынша)
4. Сал аурулы балалардың түрлі өнімді іс-әрекеттерін жетілдіру
5. Дамуында бұзылысы төменгі сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамыту (бір бұзылыс түрі бойынша)
6. Дамуында бұзылыстары бар балалардың білімін бағалау
7. Мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасымен жүргізілетін педагогикалық жұмыстары
8. Мүмкіндігі шектеулі төменгі сынып оқушыларының оқу іс-әрекеттері (бір бұзылыс түрі бойынша)
9. Мүмкіндігі шектеулі төменгі сынып оқушыларға қоршаған әлемді таныстырудың түрлері мен әдістері
10. Психикалық дамуы тежелген төменгі сынып оқушыларының оқу үрдісін ұйымдастыру
11. Инклюзивті білім беру жағдайында көру қабілеті зақымдалған мектепке дейінгі оқушыларға көмек көрсету
12. Инклюзивті білім беру жағдайында есту қабілеті зақымдалған мектепке дейінгі оқушыларға көмек көрсету
13. Бала мен отбасына жалпы білім беру ортасында психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

7. Аралық бақылау сұрақтары

1 аралық бақылау

1. Инклюзивті білім берудің негізі, көрсеткіштері
2. Инклюзивті білім беру моделін қалыптастыру көрсеткіштері мен критерийлері, компоненттері
3. Инклюзивті білім беру режимінде қызмет ететін мамандарды даярлау
4. Инклюзивті кеңістік құруға қажет педагогикалық жағдайлар
5. Ведомствоаралық қарым-қатынас: қоғамдық бірлестіктер, басқа да ведомствоаралық ұйымдармен қарым-қатынас, БАҚ және т.б.
6. Әдістемелік қамтамасыз етілу мен материалдық-техникалық ресурстар. Ақпараттық қамтамасыз ету.
7. Ұйымдастыру-мазмұндық және бағалау компоненттері (мониторинг).
8. Мүмкіндігі шектеулі түрлі категориядағы балаларға инклюзивті білім беру жағдайлары
9. Сенсорлық бұзылысы бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу.
10. Зияты зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу.
11. Эмоционалды-ерік сферасы зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу.
12. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жалпы білім беру үрдісіне қосудың вариативті формалары. Қашықтықтан оқыту

13. Жалпы білім беру ұйымдарындағы инклюзивті үрдістің құқықтық негіздері (Халықаралық және отандық нормативті-құқықтық актілер).
14. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (2012).
15. Орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты (2012).

2 аралық бақылау

16. Жалпыға міндетті мектепке дейінгі және мектептегі ұйымдардың білім беру бағдарламалары.
17. ҚР Үкіметінің ережелері. ҚР БЖҒМ бұйрықтары. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтары
18. Интеграциялық оқыту жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру.
19. Жалпы білім беру мектептерінде мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.
20. Жалпы типтегі балабақшалардың мүмкіндігі шектеулі балаларына психология-педагогикалық қолдау көрсету.
21. Педагогтардың, серіктестер мен ата-аналардың көпсалалы бірлескен жұмыстары. Оқытушылар мен мамандардың функционалдық міндеттері
22. Психология-медицина-педагогикалық консилиумның (ПМПк) қызметін ұйымдастыру.
23. Интеграциялық оқытуда жайлы білім беру ортасын құру.
24. «Білім беру ортасы», «түзету ортасы», «пәндік-дамыту ортасы» ұғымдарының мәні.
25. Мүмкіндігі шектеулі балалармен, олардың ата-аналарымен, оқушылармен жүргізілетін жұмыстар
26. Білім берудегі инклюзивті үрдісті басқару
27. Педагогикалық жобалау көп функциялы білім беру қызметінің ерекше түрі ретінде.
28. Жалпы білім беру мектептерінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізетін мамандарды даярлау: мұғалімдер, тәрбиешілер, мұғалім-дефектологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтар; мектептің, балабақшалардың әкімшілігі; жергілікті білім беру органдары өкілдері
29. Инклюзивті тәжірибедегі педагогикалық техника.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

Негізгі тізім

1. <http://www.edu.gov.kz/ru/> - официальный сайт Министерства образования и науки РК.
2. <http://www.special-edu.kz/> - сайт Национального научно-практического центра коррекционной педагогики (ННПЦ КП).

3. <http://www.un.org/russian/documen/declarat/salamanka.pdf>. // Саламанская декларация и рамки действий по образованию лиц с особыми потребностями, принятые Всемирной конференцией по образованию лиц с особыми потребностями: доступ и качество, Саламанка, Испания, 7-10 июня 1994 года.
4. Аутаева А.Н., Бекбаева З.Н. Инклюзивті білім беру жүйесімен 5B010500-Дефектология мамандығы бойынша білім алатын бакалавр студенттерін даярлау. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №2(37), 2014 ж.
5. Рсалдинова А.К., Денисова И.А. Повышения квалификации педагогических педагогических кадров в условиях становления инклюзивного образования в РК. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №2(37), 2014 ж.
6. Оразаева Г.С. Включения детей с ОВ в общеобразовательный процесс. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №2(37), 2014 ж.
7. Муминова Л.Р. Концепция инклюзивного образования в Узбекистане. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №2(37), 2014 ж.
8. Нургалиева У.О. К вопросу об организации службу психологического сопровождения инклюзивного образования. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №1(40), 2015 ж.
9. Вачков И. В. Групповые методы в работе школьного психолога. Учебно-методическое пособие Ось-89: 2008, Москва
10. Малофеев Н.Н. Западноевропейский опыт сопровождения учащихся с особыми образовательными потребностями в условиях интегрированного обучения/ Дефектология, № 5, 2005.
11. Малофеев Н.Н. Специальное образование в меняющемся мире. Европа. Уч.пос.для студентов пед.вузов. – М.: Просвещение, 2009.
12. Дмитриев А.А. О некоторых проблемах интегрированного обучения детей с особыми образовательными потребностями /ж. Дефектология №4, 2005.
13. Малофеев Н.Н. Особый ребенок – вчера, сегодня, завтра. Образование и психолого-педагогическая помощь детям с ограниченными возможностями здоровья в XXI веке. Учебное пособие. ГНУ «Институт коррекционной педагогики», 2007.
14. Назарова Н.М. Истоки интеграции: уроки для будущего // В сб.: «Ребенок в современном мире» СПб, 2008.
15. Специальная педагогика в 3-х томах. Том I.: Назарова Н.М., Пенин Г.Н. История специальной педагогики.- М., 2007.
16. Кемтар балаларды элеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343
17. Интегрированное обучение детей с ограниченными возможностями в обществе здоровых детей / Ф.Л.Ратнер, А.Ю.Юсупов. – М.: Гуманитар.изд.центр ВЛАДОС, 2006.
18. Сидоров Н.Р. Философия образования. Введение Учебное пособие Издание: 1-е, 2007 год

19. Организация развивающей личностно-ориентированной среды для детей дошкольного и младшего школьного возраста: научно-практические рекомендации/ под ред. А.А. Аксёнова. - Коломна: КГПИ, 2004. - 189с.
20. Хуторской А.В. Методика личностно-ориентированного обучения. Как обучать всех по-разному? - М.: ВЛАДО-ПРЕСС, 2005.

Қосымша әдебиеттер:

1. Образовательная интеграция и социальная адаптация лиц с ограниченными возможностями. Пособие для учителей, психологов и родителей ... - Минск, Национальный институт образования, 2005.
2. Национальная образовательная инициатива «Наша новая школа» <http://mon.gov.ru/>
3. Материалы сайтов: <http://inpravo.ru/>, www.consultant.ru/popular
4. <http://www.perspektiva-inva.ru.> // Материалы РООИ «Перспектива».
5. <http://www.suvorov.reability.ru.> // Сайт А.В. Суворова
6. Левченко И.Ю., Приходько О.Г. Технологии обучения и воспитания детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата: Учеб. Пособие. - М.: Академия, 2001.
7. Обучение детей с проблемами в развитии в разных странах мира: Хрестоматия /сост. Л.М.Шипицына. - СПб., 1997.
8. <http://www.international.edu.ru.> // Аналитические обзоры: Система образования Великобритании: Реформы образования в индустриально развитых странах.
9. Абакумова Н. Н. Развитие творческой деятельности учителя в рамках интегративной образовательной модели: Научно-методическая работа Томск – 2002
10. План психологического анализа сформированности умений учебного сотрудничества. Экспресс-опыт. 2000 -1, с. 60- 61.
11. Мамайчук И.И. Психокоррекционные технологии для детей с проблемами в развитии. Научно-практическое пособие для психологов, педагогов, родителей- СПб.: Речь, 2003.

Авторлар:

- Аугаева А.Н. - п.ф.к., доцент
Бекбаева З.Н. - п.ф.к., аға оқытушы
Жалмухамедова А.К. - п.ф.к., аға оқытушы

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

TZhTA 2209 Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

«Білім» тобындағы мамандықтар үшін

2 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Халитова И.Р.- п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

Бейсембаева А.К. - п.ғ.к., доцент, Абылайхан атындағы ҚазХҚжӘТУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» типтік оқу бағдарламасы «Білім» тобындағы мамандықтардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес жасалған.

Пәннің мақсаты – тәрбие үдерісінің негіздерін және тәрбиелік іс-әрекеттің әдістемесі мен технологиясын танып білуде болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктігін қалыптастыру болып табылады.

Пәннің міндеттері:

- болашақ мұғалімдердің оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының теориясы, әдістемесі мен технологиясы саласындағы білімдерін кеңейту және тереңдету;

- тәрбиенің дәстүрлі әдістемесі және қазіргі заманғы технологиясын пайдаланумен сынып жетекшісі іс-әрекетін іске асыру үшін болашақ мұғалімдерде жалпыпедагогикалық, әлеуметтік-тұлғалық және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру және дамыту;

- болашақ мұғалімдердің оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарында үздіксіз кәсіби жетілуіне және креативтілігін дамытуға ұстанымын қалыптастыру.

Бағдарлама білім саласындағы мемлекет саясатының Қазақстан Республикасының азаматы ретінде білімалушылар тәрбиесінің тұтастығына және оның конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағыттылығын ашып көрсетеді.

Бағдарламаның нормативті негізін білім беру саласындағы жетекші құжаттар ҚР «Білім» туралы Заңы (2007ж.), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстанда білім беру деңгейінің әлемдік стандартқа сәйкестігін, тәрбиелік үдерістің көпқырлылығы мен интегративтілігін қамтамасыз ететін халықаралық мәндегі және отандық дәстүрлі әрі қазіргі әлемдік тәжірибе негізінде тәрбиенің мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған құжаттар құрайды.

Ресми құжаттарда өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудің міндеттері білім беру мекемелерінде тәрбиелік жүйенің жаңа моделін дайындаудан және стратегиялық басымдылықтарын анықтаудан, жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасаудан; баланың ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтауынан, тәрбиелену, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асырудан көрінеді.

Осыған байланысты болашақ мұғалімнің маңызды міндеті – рухани және дені сау, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру үшін кепілдік жағдай құру, тәрбие технологиясын, тәрбие жұмысының әр түрлі бағыттарын ұйымдастырудың әдістері мен формаларын меңгеру. Қазіргі білім беру

кеңістігінің стратегиялық мақсатын шешу мұғалімнің тәрбиелік іс-әрекеттегі құзыреттілігіне байланысты болады.

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» оқу курсының типтік бағдарламасының құрылымы мен мазмұнында ізгілендіру идеясын негіздеу ескерілген, теориялық және әдістемелік кешенде құрылған және тәрбие үдерісінде жалпыадамзаттық ізгілік құндылықтар басымдылығында, тұлғалық-бағдарлық, тұлғалық-іс-әрекеттік, аксиологиялық тұрғылар жүйесінде жүзеге асырылған.

▪ «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» курсын оқыту барысында **студент** төмендегідей **білімдерді меңгеруі тиіс**:

▪ тәрбие жұмысының мәнін, мақсаты мен міндеттерін;
▪ ҚР қазіргі заманауи тәрбие тұжырымдамаларын және мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесін;

▪ сынып жетекшісі іс-әрекетінің жүйесі мен бағыттары;
▪ тәрбие үрдісінің субъектілері – мұғалімдер, білімалушылар, ата-аналардың педагогикалық әрекеттестігі мен ынтымақтастығының формалары, әдістері;

▪ әр түрлі бағыттағы тәрбие жұмысының формалары, әдістері, құралдары;

▪ заманауи тәрбие технологиялары;

▪ тәрбие жұмысының нәтижелерінің диагностикасы

▪ «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» курсын оқыту барысында студентте келесі **біліктіліктер мен дағдылар** қалыптасуы керек:

• Қазақстан азаматына сәйкес адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде сыныпта, мектепте тәрбие жұмыстарын жобалау, жоспарлау және өткізу;

▪ мақсат пен міндеттерді, сонымен қатар тәрбиеленушілердің жастық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиенің түрлерін таңдау;

▪ тәрбиенің әдістері мен тәсілдерін вариативті қолдану, тәрбиені ұйымдастыру формаларын, құралдарын таңдау және пайдалану;

▪ сынып ұжымын қалыптастыру үрдісіне педагогикалық басшылық жасауды және басқаруды жүзеге асыру;

▪ сынып сағаттарын, ҰШІ-ті және әр түрлі бағыттағы тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру;

▪ тәрбиенің инновациялық технологияларын, оның ішінде қиын балаларды тәрбиелеу мен қайта тәрбиелеу әдістерін таңдау және пайдалану;

▪ ата-аналармен тиімді ынтымақтастық формаларын таңдау;

▪ дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру;

▪ сыныпта және мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу;

▪ тәрбие үрдісінің тиімділігін зерттеу және оны әдістемелік қамтамасыздандыру.

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» курсының оқыту үдерісінде студент іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық әрі практикалық дайындығын және оның кәсібилігін сипаттайтын көрсеткіштерінің бірлігі ретінде жалпыпедагогикалық, әлеуметтік-тұлғалық, пәндік және т.б. құзыреттіліктерді меңгеруі қажет.

Курстың пререквизиттері. «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін» курсының оқып-үйренудің алдында мынадай пәндер оқытылуы тиіс: «Мәңгілік Ел», «Педагогика», «Бірінші курстағы үздіксіз педагогикалық практика», сонымен бірге «Психология», «Оқушылардың физиологиялық дамуы», «Өзін-өзі тану».

Курстың постреквизиттері. Пәнді оқыту студенттердің мамандық бойынша әдістемелік пәндерді жетік меңгеруіне және педагогикалық (өндірістік) практиканы табысты өтуіне негіз болып табылады.

Пәннің тақырыптық жоспары

№	Тақырыптары
1	Тәрбие үдерісі – тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі
2	Мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі
3	Сынып жетекшісінің тәрбиелік іс-әрекетінің жүйесі
4	Мектепте, сыныпта тәрбие жұмыстарын жоспарлау
5	Оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері
6	Қазіргі таңдағы мектептің тәрбие үдерісіне педагогикалық қолдау
7	Қазіргі таңдағы оқу-тәрбие үдерісіндегі тәрбие технологиясы
8	Сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыстарының жүйесі
9	Дарынды балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі
10	Оқушылардың денсаулық пен салауатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің іс-әрекеті
11	Оқушылармен жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмыстарының әдістемесі
12	Оқушылардың ата-аналарымен педагогикалық әрекеттестік технологиясы
13	Балалар мен жасөспірімдердің бастамашылдығын дамытудағы тәрбиелік жұмыстар
14	Тәрбие жұмыстарының нәтижесі мен тиімділігінің диагностикасы
15	Тәрбие үдерісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру

Бағдарламаның мазмұны

1–тақырып. Тәрбие үдерісі – тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі

Тәрбие – мәдени-тарихи феномен. Тәрбие педагогикалық ғылымдардың категориясы. Тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытудың өзара байланысы.

Тәрбиенің қазіргі заманғы тұжырымдамалары мен бағдарламалары. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы (Бағдарлама идеясының авторы – С.А.Назарбаева). Тәрбиенің ұлттық өзіндік ерекшелігі. Тәрбиенің гуманистік, тұлғалық-бағдарлық, аксиологиялық, мәдени, орта, этнопедагогикалық, құзыреттілік, қалыптастырушылық, синергетикалық, әлеуметтендірушілік, көпмәдени, антропологиялық, технологиялық, тұрғылары.

Тәрбие үдерісінің қағидалары: гумандық бағыттылығы, жалпыадамзаттық құндылықтар, мәдениеттілік, үздіксіздік, табиғилық, тұтастық, ұлттық.

